

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектелулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы**

*Казахский язык и литература
в русской школе*

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

8/2013 ТАМЫЗ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

Басшылыққа алар тірегіңіз

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ, Фариза БАҚҚАЛИҚЫЗЫ.	«Абайтану» элективті курс бағдарламасы.....	3
--	--	---

Тамыз мәслихатына – мұғалімдік мәзір

Айжан ҚҰЛЖАНОВА.	Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту ерекшелігі.....	19
Шолпан СЕРІКОВА.	Ойын элементтері арқылы оқушылардың сөйлеу қабілетін арттыру.....	24
Бақыт СЕГІЗБАЕВА.	Ертегіні оқып, оны жандандыру, кейіптендіру арқылы баланың тілін ұстарту.....	31

Мұғалімдерге көмек

Мәрзия САЛАМАТОВА, Сәуле САДЫБЕКОВА.	Оқушылардың білім-білік дағдыларын тексеру мен бақылау.....	35
---	---	----

Психологиялық тренинг

Гүлжазира ЖАНЫҚҰЛОВА.	Өзіңді де, өзгені де бағалай біл.....	44
-----------------------	---------------------------------------	----

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Бибігүл ИСЕМБЕРЛИЕВА.	Мағжан Жұмабаев. «Сен сұлу».....	51
-----------------------	-------------------------------------	----

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Айнагүл ЖҮЗІКЕЕВА.	Грамматикасы қызықты тамақ түрлері.....	58
Самал ҚАЗБЕКОВА.	Тіл мәдениетін дамытқан ер қанаты – ат.....	67
Гүлнәр СМАҒҰЛОВА. Айман АХМЕТОВА.	Синоним. Антоним. Омоним.....	73
Жайнагүл ЖҰМАБАЕВА.	Кен ісі және орынындағы лексикалық минимум.....	79
Элмира БАЙЖАНОВА. Зәуреш ҚАЙЫРОВА.	Қазақстан қалалары мен күрделі сөздер.....	88
Райхан БЕРДІБЕКОВА.	Жіктік жалғаулар – отбасы әдебінде.....	96
	Етістікті қайталанатқан ұлттық ойындар.....	99
	Әбу Насыр әл Фараби – көркем әдеби тілде.....	107

Әдеби кеш

Майра БЕЙСЕБЕКОВА.	Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Қамар сұлу» романы.....	116
Гүлбадан МӘМБЕТЫРЗАЕВА, Назгүл ИМАНБАЕВА.	Абай әлемі.....	125
Гүлжахан МЕЙРАМСАҒАТҚЫЗЫ.	«Жүрегімнің түбіне терең бойла»...	134

Сыныптан тыс шара

Маржан ТӨКЕНОВА.	Тіл – әр ұлттың байлығы.....	138
------------------	------------------------------	-----

Шәкірт – шабыт шағында

Ержан ШЫНБЕРГЕНҰЛЫ.	Ұлы Абай арқылы ғашық болдым. Қатар жүрер іштарлық пен күштарлық...	142
---------------------	--	-----

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,
«Өрлеу» БАҰО АҚ Астана қаласы
бойынша педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институтының
«Мұғалімнің кәсіби
дамуын педагогикалық-
психологиялық қолдау
кафедрасының доценті,
Фариза БАҚҚАЛИҚЫЗЫ,
педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру
институтының бас маманы.

«АБАЙТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

*(Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-
гуманитарлық бағытындағы 8-11-сыныптарына
арналған элективті курс бағдарламасы)*

Пікір беруші: М.Мырзахметұлы – ф.ғ.д., профессор,
абайтанушы. БҰҰ-ның академигі.

Бұл элективті курс бағдарламасы жалпы білім бере-
тін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы
8–11-сыныптарына арналған.

Элективті курс бағдарламасы қазақтың жазба
әдебиетінің негізін қалаушы ұлы ақын және философ
Абай Құнанбайұлын терең танытуды мақсат тұтады.

Астана қаласы Білім беру жүйесіндегі педагог
кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау
институтының ғылыми кеңесінде мақұлданған. Хаттама
№26 21.11.2011 ж.

ТҮСІНІК ХАТ

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Осы қазынаны ұрпаққа аманаттауда кейбір олқылықтар бар екені рас. Оған дәлел – осы уақыттарға дейін мектептерде «Абайтану» элективті курс бағдарламаларының бірізділікке түсе алмай келе жатқандығы. Осы кемшіліктің орынын толтыру мақсатында 8–11-сыныптар аралығында Абайтану элективті курс бағдарламасын ұсынып отырмыз.

Жалпы, элективті курстың мақсаты – Абай Құнанбайұлының қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы ретінде құбылыстық сипатын, бүкіл ақындық әлемін, өлең өнеріндегі өзгешелігін, шеберлігін танытуға бағытталған. Бұл элективті курс өзіне төмендегідей міндеттерді жүктейді: а) Абай Құнанбайұлы шығармашылығының зерттелу жайына тоқталып, абайтану ғылымының тарихынан мәліметтер беру; ә) ұлы ақынның ғұмырнамасына байланысты тың деректерге иек сүйеп, ақынның жазба әдебиеттің көшбасшысы ретіндегі орынын айқындау; б) Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалығын айтып, өлең өрнектерін дамытудағы рөліне тоқталу; в) ғұлама ойшылдың философиялық нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымы жайында сөз ету; г) ақынның аудармадағы еңбегіне тоқталу, басқа ел шығармаларын қазақ тіліне аударудағы шеберлігін айқындау.

«Абайтану» элективті курсына Абай мұрасын жан-жақты әрі терең танытуға мүмкіндіктер жасай отырып, оқушылардың ғылыми танымын қалыптастыруды басты нысана етіп алып отырмыз.

Элективті курс бағдарламасы М.Мырзахметұлының «Абайтану» оқу құралы негізінде мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасақталды.

Абайтану өзінің даму жолында аса күрделі қиын жолдардан өтті. Абай мұрасының жайын білу, бағалау саласында саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты қоғамдық ой-санада қым-қиғаш талас-тартыстар өріс алғаны белгілі. Сондықтан тәуелсіз заманның уақыт талабына орай жаңа таным мен соңғы көзқарастың ғылыми тұрғыдан тың байламдарын бүгінгі заман жастарының санасына сіңіру міндеті алға қойылып отыр. Осы мақсатта «Абайтану» элективті курсы оқушыларға жастайынан ұсынуды жөн санадық.

Бұл курста әр оқушы өзі таңдаған тақырыбы бойынша ізденіп, түрлі бағытта шығармашылық жұмыстар жасауына болады.

Бағдарламаның соңында қысқаша әдістемелік нұсқау және осы бағдарламамен жұмыс жасау барысында пайдалануға болатын әдебиеттер тізімі берілген. Элективті курстың 11-сыныпқа арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспары М.Мырзахметұлының «Абайтану» оқу құралы негізінде жасалды.

ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

(8-сынып)

1. А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылық жолы (А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы турасында жалпы мағлұмат, 1 сағ.).

2. Абайдың ата-тегі, өскен ортасы (Өскен ортасы, тегі туралы, 1 сағ.).

3. Абайдың ғылым-білім тақырыбындағы өлеңдері («Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің философиясына

үңділу. Өлеңдерін талдау, 1 сағ.).

4. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» (Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау, 1 сағ.).

5. Абай танымындағы «Бес асыл іс» (Адамгершіліктің Абай ұсынған әдеп нормалары, 1 сағ.).

6. Абай танымындағы «Иманигүл» мәселесі («Иманигүл» мәселесінің қыр-сырына үңілу, 1 сағ.).

7. Абайдың қарасөздері 1-8 (1–8 қарасөздерді оқу, түсіну, талдау, ой қорыту, 1 сағ.).

8. Абайдың қарасөздері 9-21 (9–21 қарасөздерді оқу, түсіну, талдау, ойқорыту, 1 сағ.).

9. Абайдың қарасөздері мен поэзиясындағы үндестік (Қарасөздер мен өлеңдеріндегі үндестікті табу, салыстыру, ойқорыту, 2 сағ.).

10. Абай қарасөздерінің философиялық мәні (Абайдың философиялық ойлары турасында, 1 сағ.).

11. Ақынның А.С.Пушкин шығармаларын аударудағы шеберлігі («Татьянаға хат» аудармасымен жұмыс, түпнұсқа мен аударманы салыстыру, 1 сағ.).

12. М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов шығармаларының аудармасы («Бородино», «Қасқыр мен қозы», «Қарға мен түлкі» аудармасымен жұмыс, түпнұсқа мен аударманы салыстыру, 1 сағ.).

13. Абайдың қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы (Қазақ поэзиясының тарихына шолу жасау және жазба әдебиеттің қалыптасуы туралы, 1 сағ.).

14. Абай өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі (Абай тұсындағы ақындар мен Абай оқыған ақындар жайында ой толғау, Абай өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін таныту, 2 сағ.).

15. Абай қарасөздерінің тілі (Абай қарасөздерінің тілі турасында, 1 сағ.).

16. Абайдың музыкалық мұрасы (Абайдың әндерінің мазмұны турасында, 1 сағ.).

17. Абай тілінің зерттелуі (Абай тілін зерттеушілер еңбектерімен танысу, 2 сағ.).

18. Абайдың ақындық мектебі (Абай тұсындағы ақындар мен Абай оқыған ақындар жайында, 1 сағ.).

19. Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық (Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Арғылымы» туралы сабақтастық жайында, 1 сағ.).

20. Ақылбай Абайұлы шығармашылығындағы Абай тәлімі (Абай мен Ақылбай шығармаларының үндестігі, 1 сағ.).

21. Абай және шығыс әлемі (Шығыс шайырларының Абай шығармашылығына ықпалы, 1 сағ.).

22. Ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар («Мен – бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» тақырыбына эссе жазу, 1 сағ.).

23. Абайдың нақыл сөздері (Абайдың өзгеге берген нәрі турасында, 2 сағ.).

24. Абай поэзиясы (Поэзия кешін ұйымдастыру, 1 сағ.).

25. Абай – заңгер (Абайдың ел ісіндегі әділдігі турасында, 1 сағ.).

26. Абай – тарихшы (М.Бейсенбаевтың «Абай және оның заманы» еңбегімен жұмыс, 1 сағ.).

27. Абай – сазгер (Абайдың әндері турасында, «Айттым сәлем, Қаламқас» ән кеші, 1 сағ.).

28. «Ескендір» поэмасы (Поэманы оқу, түсіну, талдау, 2 сағ.).

29. Қорытынды сабақ. (Абайдың «толық адам» туралы ілімі, 1 сағ.).

«АБАЙТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР 8-сынып

№	Тақырыптар	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	Сағ. саны
1.	Кіріспе сабақ. А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылық жолы.	А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы турасында жалпы мағлұмат.	«Абай» фильмін көру.	1
2.	Абайдың ата-тегі, өскен ортасы.	Абайдың өскен ортасы, тегі туралы.	Абай мұражайына бару, материалдармен танысу. Хронологиялық кесте жасау.	1
3.	Абайдың ғылым-білім тақырыбындағы өлеңдері.	«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің философиясына үңілу. Өлеңдерін талдау.	Кітапхана және ғаламтормен жұмыс.	1
4.	«Жасымда ғылым бар деп ескермедім».	Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау.	«Абайды оқы, таңырқа, басың шайқа...» Ойтолғау.	1
5.	Абай танымындағы «Бес асыл іс».	Адамгершіліктің Абай ұсынған әдеп нормалары.	«Абайдың адамгершілік мұрағаттары» атты еңбегімен жұмыс.	1

6.	Абай танымындағы «Иманигүл» мәселесі.	«Иманигүл» мәселесінің қырсырына үңілу.	«Абай» журналымен жұмыс.	1
7.	Абайдың 1-8-қарасөздері.	1-8-қарасөздерді оқу, түсіну, талдау, ой қорыту.	Абайдың философиялық ойлары бойынша ой бөлісу.	1
8.	Абайдың 9-21-қарасөздері.	9-21-қарасөздерді оқу, түсіну, талдау, ой қорыту.	“Қарасөздердің философиясы». Эссе жазу.	1
9.	Абайдың қарасөздері мен поэзиясындағы үндестік.	Қарасөздер мен өлеңдеріндегі үндестікті табу, салыстыру, ой қорыту.	Абайдың ақын шәкірттері бойынша Венн диаграммасымен жұмыс.	2
10.	Абай қарасөздерінің философиялық мәні.	Абайдың философиялық ойлары турасында.	Философиялық көзқарас дегеніміз не? Ізденіс жаса.	1
11.	Ақынның А.С.Пушкин шығармаларын аударудағы шеберлігі.	«Татьянаға хат» аудармасымен жұмыс, түпнұсқа мен аударманы салыстыру.	Абай аудармаларындағы шеберлік. Ойтолғау.	1
12.	М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов шығармаларының аудармасы.	«Бородино», «Қасқыр мен қозы», «Қарға мен түлкі» аудармасымен жұмыс, түпнұсқа мен аударманы салыстыру.	Сен аударма жасау білесің бе?	1

13.	Абайдың қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы.	Қазақ поэзиясының тарихына шолу жасау және жазба әдебиеттің қалыптасуы туралы.	Баяндама, мәнжазба жазу.	1
14.	Абай өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі.	Абай тұсындағы ақындар мен Абай оқыған ақындар жайында ойтолғау, Абай өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін таныту.	Өлеңнің көркемдік ерекшелігі деген не? (ойбөліс)	2
15.	Абай қарасөздерінің тілі.	Абай қарасөздерінің тілі турасында.	Ғылыми еңбектерге шолу.	1
16.	Абайдың музыкалық мұрасы.	Абай әндерінің мазмұны турасында.	Зерттеу жұмыстарымен жұмыс жүргізу.	1
17.	Абай тілінің зерттелуі.	Абай тілін зерттеушілер еңбектерімен танысу.	«Абайдың тілі» ғылыми еңбекпен танысу.	2
18.	Абайдың ақындық мектебі.	Абай тұсындағы ақындар мен Абай оқыған ақындар жайында.	Абай тұсындағы ақындар мен Абай оқыған ақындар жайында мәнжазба.	1
19.	Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық.	Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Ар ғылымы» арасындағы сабақтастық.	Әдебиет теориясымен жұмыс. Салыстыру жұмыстары.	1
20.	Ақылбай Абайұлы шығармашылығындағы Абай тәлімі.	Абай мен Ақылбай шығармаларының үндестігі.	Шығармашылық жұмыстар орындау. Ойтолғау.	1

21.	Абай және шығыс әлемі.	Шығыс шайырларының Абай шығармашылығына ықпалы.	Абай және шығыс әлемі тақырыбында ғылыми жоба жазудың алғы-шарттары.	1
22.	Ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар.	«Мен – бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» тақырыбына эссе жазу.	«Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла». Сырласу кеші.	1
23.	Абайдың нақыл сөздері.	Абайдың өзгеге берген нәрі турасында.	Ғылыми еңбектерге шолу.	2
24.	Абай поэзиясы.	Абай поэзиясына үңілу.	«Абай – дана, Абай – дара қазақта» поэзия кешін ұйымдас-тыру.	1
25.	Абай – заңгер.	Абайдың ел ісіндегі әділдігі турасында.	М.Бейсенбаев-тың «Абай және оның заманы» еңбегімен танысу.	1
26.	Абай – тарихшы.	М.Бейсенбаевтың «Абай және оның заманы» еңбегімен жұмыс.	Мәнжазба жазу.	1
27.	Абай – сазгер.	Абайдың әндері турасында ойқозғау.	«Айттым сәлем, Қаламқас» ән кеші.	1
28.	«Ескендір» поэмасы.	Поэманы оқу, түсіну, талдау.	Поэма бойынша сахналық көрініс жасау.	2

29.	Қорытынды сабақ.	Абайдың «толық адам» туралы ілімі.	Дөңгелек үстел: «Абайтану».	1
	БАРЛЫҒЫ:			34

ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

(9-сынып)

1. Қазақ халқының ұлы ақыны (А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы турасында жалпы мағлұмат, 1 сағ.).

2. Абайдың ата-тегі, өскен ортасы (Абайдың өскен ортасы, тегі, 1 сағ.).

3. Абайдың ғылым-білім тақырыбындағы өлеңдері («Интернатта оқып жүр», «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» өлеңдерінің мазмұнына үңілу, өлеңдерге талдау, 1 сағ.).

4. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау, 1 сағ.).

5. Ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар («Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі арқылы ақындық өнерге қойылатын талаптар турасында, 1 сағ.).

6. Абайдың нақыл сөздері (Абайдың нақыл сөздерінің тақырыбы – оның тұтас шығармасына тән дүниелер. Оның нақыл сөздерін тақырып бойынша топтастыру, 1 сағ.).

7. «Ескендір» поэмасы («Ескендір» поэмасын оқу, түсіну, талқылау, ойтолғау, 1 сағ.).

8. «Масфұт» поэмасы («Масфұт» поэмасын оқу, түсіну, талқылау, ойтолғау, 1 сағ.).

9. «Әзім әңгімесі» дастаны (Шығарманы оқу, түсіну, талқылау, шығарма желісі турасында, 1 сағ.).

10. Абайдың қарасөздері 22-32 (22-32–қарасөздерді оқу, түсіну, талдау, ойқорыту, 2 сағ.).

11. Абайдың қарасөздері 33-45 (33-45 қарасөздерді оқу, түсіну, талдау, ойқорыту, 2 сағ.).

12. Абайдың қарасөздері мен поэзиясындағы үндестік (қарасөздер мен өлеңдеріндегі үндестікті табу, салыстыру, ойқорыту, 1 сағ.).

13. Абай қарасөздерінің философиялық мәні (М.Орынбековтің «Абайдың философиялық көзқарасы» еңбегімен жұмыс. Абайдың философиялық ойлары, 2 сағ.).

14. Ақынның И.А.Крыловтың шығармаларын аударудағы шеберлігі («Теректің сыйы», «Тұтқын» шығармалары бойынша, 1 сағ.).

15. Ақын аудармалары («Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар», «Жалғыз жаяу жалпылдап», т.б. 1 сағ.).

16. Абай жүрген ізбенен (М.Мырзахметұлының «Абай жүрген ізбенен» еңбегін таныстыру, 2 сағ.).

17. Абай шығармаларының тілі (Абай шығармаларының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі қақында, 1 сағ.).

18. Ән – көңілдің ажары (Абайдың музыкалық мұрасын жинаудағы А.Затаевич, Б.Ерзакович, Л.Хамиди еңбектері турасында, 2 сағ.).

19. Абай тілінің зерттелуі (Қазаққа қарасөзден дес бермеген Абай тілінің зерттелуі жайында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, Ы.Мұстанбаев, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, т.б. бастап бүгінге дейінгі зерттеушілер турасында, 2 сағ.).

20. Абай тілінің сөздігі (Редакциясын басқарған А.Ысқақовтың «Абай тілінің сөздігі» еңбегі бойынша, 1 сағ.).

21. Абайдың әдеби-рухани ортасы (Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Әсет, т.б. турасында, 1 сағ.).

22. Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық (Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Арғылымы» туралы сабақтастық турасында, 1 сағ.).

23. Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан (шығарма жазу, 1 сағ.).

24. Ақындық өнер (Сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі турасында, 1 сағ.).

25. Біліміден шыққан сөз (Ойтолғау, 1 сағ.).

26. Абай поэзиясы («Өлең – сөздің патшасы») тақырыбында поэзия кешін ұйымдастыру, 1 сағ.).

27. Қорытынды сабақ. (Абайдың «толық адам» туралы ілімі, 1 сағ.).

«АБАЙТАНУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫ БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР 9-сынып

№	Тақырыптар	Тақырыптың мазмұны	Шығармашылық жұмыстар	Сағ. саны
1.	Кіріспе сабақ. Қазақ халқының ұлы ақыны.	А.Құнанбай-ұлының өмірі мен шығармашылығы турасында жалпы мағлұмат.	«Абай» қойылымын көру.	1
2.	Абайдың ата-тегі, өскен ортасы.	Абайдың өскен ортасы, тегі туралы.	Абай мұражайына бару, материалдармен танысу. Хронологиялық кесте жасау.	1

3.	Абайдың ғылым-білім тақырыбындағы өлеңдері.	«Интернатта оқып жүр», «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» өлеңдерінің мазмұнына үңілу, өлеңдерді талдау.	Кітапхана және ғаламтормен жұмыс.	1
4.	«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін».	Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын тану, өлеңдеріне шолу жасау.	Абайды оқы, таңырқа, басың шайқа. Ойтолғау.	1
5.	Ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстар.	«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі арқылы ақындық өнерге қойылатын талаптар турасында.	«Абайдың адамгершілік мұрағаттары» атты еңбегімен жұмыс.	1
6.	Абайдың нақыл сөздері.	Абайдың нақыл сөздерінің тақырыбы – оның тұтас шығармасына тән дүниелер. Оның нақыл сөздерін тақырып бойынша топтастыру.	«Абай» журналымен жұмыс.	1
7.	«Ескендір» поэмасы.	«Ескендір» поэмасын оқу, түсіну, талқылау, ойтолғау.	«Ескендір» поэмасын талдау.	1
8.	«Масғұт» поэмасы.	«Масғұт» поэмасын оқу, түсіну, талқылау, ойтолғау.	«Масғұт» поэмасын талдау.	1

9.	«Әзім әңгімесі» дастаны.	Шығарманы оқу, түсіну, талқылау, шығарма желісі турасында.	Ізденіс. Венн диаграммасымен жұмыс.	1
10.	Абайдың 22-32-қарасөздері.	2-32-қарасөздерді оқу, түсіну, талдау, ойқорыту.	Философиялық көзқарас дегеніміз не? Ізденіс жаса.	2
11.	Абайдың 33-45-қарасөздері.	33-45-қарасөздерді оқу, түсіну, талдау, ойқорыту.	Абай қарасөздерін жаттау.	2
12.	Абайдың қарасөздері мен поэзиясындағы үндестік.	Қарасөздер мен өлеңдеріндегі үндестікті табу, салыстыру, ой қорыту.	«Абайдың адамгершілік мұрағаттары» эссе жазу.	1
13.	Абай қарасөздерінің философиялық мәні.	М.Орынбековтің «Абайдың философиялық көзқарасы еңбегімен жұмыс. Абайдың философиялық ойлары.	Баяндама, мәнжазба жазу.	2
14.	Ақынның И.А.Крыловтың шығармаларын аударудағы шеберлігі.	«Теректің сыйы», «Тұтқын» шығармалары бойынша.	Сен аударма жасау білесің бе?	2
15.	Ақын аудармалары.	«Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар», «Жалғыз жаяу жалпылдап» т.б.	Абай аудармаларына шолу.	1
16.	Абай жүрген ізбенен.	М.Мырзахметұлының «Абай жүрген ізбенен» еңбегімен таныстыру.	Зерттеу еңбектерімен жұмыс жүргізу.	2

17.	Абай шығармаларының тілі.	Абай шығармаларының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі хақында.	«Абайдың тілі» атты ғылыми еңбекпен танысу.	1
18.	Ән – көңілдің ажары.	Абайдың музыкалық мұрасын жинаудағы А.Затаевич, Б.Ерзакович, Л.Хамиди еңбектері турасында.	Абай музыкаларын жинау.	2
19.	Абай тілінің зерттелуі.	Қазаққа қара сөзден дес бермеген Абай тілінің зерттелуі жайында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, Ы.Мұстанбаев, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, т.б. бастап бүгінге дейінгі зерттеушілер турасында	Әдебиет теориясымен жұмыс. Салыстыру жұмыстары.	2
20.	Абай тілінің сөздігі.	Редакциясын басқарған А.Ысқақовтың «Абай тілінің сөздігі» еңбегі бойынша.	«Абай тілінің сөздігі» еңбегі бойынша жұмыс жасау.	1
21.	Абайдың әдеби-рухани ортасы.	Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Әсет, т.б.турасында.	Өлеңнің көркемдік ерекшелігі деген не? (ойбөліс)	1

22.	Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық.	Шәкәрімнің «Үш анығы» мен «Арғылымы» туралы сабақтастық турасында.	«Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық» тақырыбында ойбөліс.	1
23.	Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан.	«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан» тақырыбында шығарма жазу.	Мен кіммін? Ойтолғау.	1
24.	Ақындық өнер.	Сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі турасында.	«Ақындық өнер» тақырыбында ғылыми жоба жазудың алғышарттары.	1
25.	Білімдіден шыққан сөз.	«Білімдіден шыққан сөз» (ойтолғау).	Ғылыми еңбектерге шолу.	1
26.	Абай поэзиясы.	«Өлең – сөздің патшасы» тақырыбында поэзия кешін ұйымдастыру.	Поэзия кеші.	1
27.	Қорытынды сабақ.	Абайдың «толық адам» туралы ілімі.	Дөңгелек үстел: «Абайтану».	1
	БАРЛЫҒЫ:			34



Айжан ҚҰЛЖАНОВА,
Семей қаласындағы
№38 жалпы орта білім беру МЛ-ның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІГІ

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі барлық уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімді адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Осындай қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар оқыту үдерісіне әсер етеді. Соңғы жылдары жеке адамды қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технологиялар ұсынылуда.

Бүгінгі күні кеңірек таралып, насихатталған технологияның бірі – сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу. Бұл технологияның, әсіресе, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертуде көмегі өте көп. Біріншіден, тілге деген құмарлығын, қызығушылығын оятып, екіншіден, ауызекі сөйлеу тілін қалыптастырады.

СТО технологиясының негізгі көздеген мақсаты: оқушының рухани дүние болмысын зерттей отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беріп, оқушы бойында ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру. Жеке тұлғаны қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру. Логикалық ойын, ауызекі тіл мәдениетін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы — әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Бағдарламаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

СТО құрылымы үш кезеңнен тұрады. Олар өздерінің қызметіне байланысты аталады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану және ойтолғаныс.

Мақсаты - барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, өзіндік пікір айтуға, саналы шешім қабылдауға үйретеді.

Озық технологияның міндеттері — бағдарламаны меңгерте отырып, оқушының танымдық белсенділігін дамыту:

- Оқушылардың ой еркіндігіне назар аудару;
- Оқушының қабілетін дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алу, сондай-ақ психодиагностикалық күнделік жүргізу;
- Оқытудың инновациялық технологияларды дифференциалды әдісін қолдана білу;
- Оқушымен қарым-қатынасты сауатты, оқушының нәтижесін нақты бағалай білу.

Бұл технологияны практикалық тұрғыда өз тәжірибемен қолданудамын. Мәселен, «Ана» атты

тақырыпты өткенде сабағымның эпиграфын: «Отан отбасынан басталады» деп алуды жөн көрдім. Бұл — барлығына белгілі мақал. Осы мақалды кім қалай түсінеді? Оқушылардан ойларын ортаға салуды өтіндім. Сонда оқушыларым өз ойларын былай деп жеткізді: — *Отанды сүю отбасынан басталады. Ата-анасын құрметтеген бала ғана туған елін өз үйіндей сүйетін болады. Ата-анасын, өзінің үйін сыйлайтын баланы елі де құрметтейді. Сондықтан туған үйіңді, туған еліңді, Отаныңды сүйетініңді іс жүзінде дәлелдеу — үлкен абырой.* Оқушылардың ойларын тыңдап алғаннан кейін, бұл әдісті психологиялық жағдаятпен байланыстырдым. Оқушыларымның отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын білгім келді. Ол үшін мынадай парақшалардағы тапсырмаларды орындатқызым. Орындау тәртібі: отбасы мүшелерінің атауын жазу, шартты белгілермен көрсету. (Шартты белгілер: жуан сызық -өте жақсы қарым-қатынас; _____ үзік сызық —орташа; ирек сызық — жаман, нашар қарым-қатынас). Соңында жұмыстың қорытындысы жасалды. Бірнеше оқушының жұмысы оқылды. Мысалы, *отбасымда әке-шешеммен, әсіресе, апайыммен қарым-қатынасым жақсы. Отбасымдағы қарым-қатынас мына жуан сызық сияқты үзілмейтін, берік болса деймін. Үзік сызық пен ирек сызық туғызатындай жағдайлар аз болсын.*

Келесі кезекте тақтаға «Ана», «Әке» деген сөздер ілінді. Қай сөз кімге ыстық, жақын көрінеді. Сол сөздің қасына барып тұруларын сұрадым. Өз ойларын жинақтап, неге таңдағандарын топта талқылап, қысқаша айтты. Осылайша «А» және «Ә» топтарына бөлінді.

Мәтінмен жұмыс жасауда Блумның сұрақ қою жүйесі стратегиясы қолданылды. Оқушылар мәтін бойынша

деңгейлік сұрақтар дайындайды. (Оңай, орташа, жоғары)

I топ.

1. Ананың тілегі мен махаббаты қандай?

2. Қай кезден бастап ана сенің жақының, досың, ұстазың?

3. Неліктен ана біреу?

II топ.

1. Дүниеге алғаш келген кезде іздейтінің кім?

2. Ана баласының алдында қалай айналып-толғанады?

3. «Жұмақ – ананың табанының астында» деген тіркесті қалай түсінесің?

Әрбір топ бір-бірінің сұрағына жауап іздеп, проблеманы шешуге тырысып бақты.

Сабақтың соңында, яғни, ойтолғаныста екі жақты күнделікті толтырттым.

Не ұнады?	Неге?
1. Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуы мүмкін емес!	Өйткені, бұдан ананың құдіретті күш екенін көреміз.
2. Сен үшін ол жалпақ дүниеден де үлкен.	Ана – тіршіліктің жүрегі деген қорытындыға келдім.

Шәкірттерім осындай жұмыс түрлерін орындауды ұнатады. Жаңа технологияны күнделікті сабақта пайдалану өте тиімді. Нәтижесінде оқушылар мынадай жетістіктерге жетеді:

- Жеке тұлға өз бетімен ізденеді.

- Білім алуға деген ынтасы мен іскерлігі артады. Дайын білімді қайталап айтып беру емес, өз белсенділігімен білімді алуға тырысады. Жаңа білім бойынша өз жобалары, болжамдарын жасап, қорытындыға келеді.

- Эвристикалық және шығармашылық ізденістерге жетеді. Өз ізденісіне анализ-синтез жасайды:

- оқушылар арасындағы қарым-қатынас нығаяды;
- басқаларды тыңдап үйренеді;
- өз ойын топ алдында ашық айта алады;
- өз көзқарасын қорғай алады;
- орташа оқитын оқушылар да ортаға тартылып, өз қырларынан таныла бастайды;

- ең бастысы, сабаққа деген қызығушылықтары артады.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу – ең маңызды мәселе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі.

Әрине, оқушыны оқытуда әр мұғалім өзіне ұнаған, өзіне лайықты технологиямен жұмыс істейді. Сол технология бойынша әдіс-тәсілдерін таңдайды. Бірақ бала үйретуде, белгілі бір технологияның көлемімен шектеліп қалу деген сөз емес. Мұғалім әрқашан ізденісте болу керек.

Шолпан СЕРІКОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Білім беру тұжырымдамасында өмір талабы ретінде екі тілде сөйлеуді одан әрі орнықтыру, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың сапасын жақсарту міндеттері қойылған. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде оқушыларға қазақ тілін оқыту мәселесі олардың қазақша сөйлей алатындай болып шығуына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Бірыңғай жазу жұмыстары, жалаң сөз, жаттау оқушыларды жалықтырады. Қазақ тілі сабағындағы көзделген мақсат – оқушыларға әрбір сабақта үйренген сөздерін ауызекі сөйлеуде, сөйлем құрамында дұрыс қолдана білуге үйрету. Сондықтан орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің білімділік, тәрбиелік мақсаттары басқа пәндермен де байланыста жүргізіледі. Ол үшін сабақта сергіту жаттығуларымен қатар жаңа тақырыпты меңгерту, өткенді пысықтау мақсатында ойын түрлерін кең қолдану керек. Қазіргі кезде «ойын» ұғымының мағынасы кеңейіп, тұрмыс пен мәдениеттің түрлі салаларын қамтуда. Қазіргі таңда ойын мәселесі

психология, әлеуметтану, мәдениеттану, әдебиеттану, т.б. салалардың көкейкесті мәселесіне айналып отыр.

Зерттеу объектісі: ойын элементтерін оқыту және тәрбиелеу үдерісінде пайдалану.

Мақсаты:

Ойындар арқылы балалардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыру;

Білім сапасын көтеру.

Міндеті: ойындардың тәрбиелік мақсатын анықтау; ойын ережесін жетік біліп, балаларға да жеткізе білу; ойын барысында ереженің сақталуын қатаң қадағалау.

Болжамы: сабақ үрдісінде ойындарды кеңінен пайдалансақ оның тәрбиелік мүмкіндіктері мол екеніне көзіміз жетер еді.

Теориялық негізі: түрлі ойындар бала қиялын ғана дамытпай, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Бала өз мүмкіндіктерін ашып, жаңалыққа, бәсекелестікке ұмтылады.

Сабақ қызықты құрылып, сабақтың әр кезеңі әдістемелік талапқа сай жүргізілуі тиіс. Тіл үйрену баланың ойлау қабілетімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың ойлау дағдысын, сөйлеу дағдысын жан-жақты дамытып, кеңейтіп отыру қажет.

Ойын технологиясын зерттеу – бүгінгі күн талабы.

Бүгінгі күні дидактика саласындағы іргелі мәселелердің бірі – білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр.

Адамдар ойынының құрылымдық жүйесі жөнінде кеңестік дидактикада аса маңызды зерттеулер болған жоқ.

Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен-өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгергенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады.

Адамзат ойынының сан жылғы тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Оған балалық кезеңдегі ақыл-ойды дамыту ойындарынан бастап, мәдениетке, бизнеске және басқарудың барлық салаларына мамандар даярлауға байланысты бағдарламаларды игеру барысындағы ойындар жатады.

Қазіргі кездегі оқытудың ойын формасын зерттеудің мәні мен міндеті оның түрлерін: иммитациялық, символдық және оқу-зерттеу деп бөле отырып, осы оқу ойындарының технологиясын талдау болып отыр.

Егер адамдарға қандай да бір ойындарды ойнау тапсырылса, онда олар көбіне «білмеймін», «ойнай алмаймын» дейді. Бұл жағдай, тіпті, ең қарапайым ойындарды ойлаудың өзі оқудан, білімнен басталатынын көрсетеді.

Оқытудың ойын формасын (ООФ) қолдануда екі жақты дидактика байқалады: біріншіден, ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден, адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі.

Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы: Иохан Хейзиигтің «Ойыншы адам», Д.Б.Элькониннің «Ойын психологиясы», Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері жазылды. Ойын теориясын зерттеуші Ресей ғалымдары:

А.В.Вербицкий, Т.В.Кудрявцев, И.П.Пидкасистый.
Қазақстандық ғалымдар: Н.К.Ахметов, Ж.С.Хайдаров,
т.б.

Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі – ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек», - деп жазады Ж.Аймауытов.

Педагогтың балалар ойындарындағы рөлі өте маңызды және өзінше ерекше. Ол көбіне ойынды ұйымдастырушы, ойынның мазмұны жөніндегі ақыл-кеңесшісі, балалардың даулы нәрселерін шешіп беретін әділ төрешісі, сонымен бірге ойын барысында олардың жолдасы да бола алады.

Мұғалім балалардың ойын үстінде әр алуан сезімдермен эмоциялық күйге бөленетінін (қуану, ренжу, мақтан ету, риза болу, қызғану, өкіну) және бұл сезімдердің ойында ұтысқа немесе ұтылысқа, көмек көрсетуге не көмек алуға байланысты болатынын есте ұстауы қажет. Әдетте, ойын үстінде команда мүшелері арасындағы қарым-қатынастық қалыпқа істеледі: жеке табыстар кейінге ысырылады, талас-тартыс ұмытылады. Бәрі де ортақ мүдде туралы ойлай бастайды. Дегенмен, ойын барысында қарым - қатынастың жағымсыз жағы да туындауы мүмкін. Балалардың бәсекелес топты «дұшпан» ретінде тануы оларды келеңсіз әрекеттерге итермелейді. Мысалы, қарсыластары ұтқан жағдайда

ыза, қызғаныш пайда болып, кез келген, тіпті, әділетсіз әдістер арқылы өз тобын жеңіске жеткізудің жолдарын іздестіреді.

Балалардың сөздік қорын молайту жөнінде оларды дұрыс сөйлеуге үйрету жолында өзімнің іс-тәжірибемен сүйене отырып, мынадай тәсілдер қолданамын:

- сөздік жұмысы (әңгімелеу, салыстыру, қайталау, сұрақ-жауап, оқу, т.б.);
- көрнекі құралдар қолдану (сурет, ойыншық, муляж, бейнефильм, т.б.);
- ойын (дидактикалық, сергіту, жарыс, сюжеттік-рөлдік, логикалық, ұлттық, т.б.).

Баланың сөздік қорын молайту, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші рөл атқаратын жұмыстың бірі — сөздік жұмысы. Осы сөздік жұмысты жүргізуде, бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын рөлі ерекше. Бала ойнай отырып, тілдік материалды меңгеру мақсатында сөздерді жаттайды. Сабақ баланың ақыл-ойына күш түсірмей, ойын түрінде өткізіледі. Балалардың логикалық ақыл-ойын, эмоциялық еркін, зейінін, ынтасын дидактикалық ойындар арқылы арттыру барысында ойындарды түрлендіріп, күрделендіріп отыруға болады. Ойынның әр түріне уақыт саналы түрде бөлінуі қажет. Бұл — сабақтың тартымды болуының шарты, әрі балалар ондай сабақты зейін қоя, тез ұғып алады.

Мысалы: «Кім көп біледі?» деген дидактикалық ойынды естиярлар тобында сөздер айту, сөз тіркестерін құрастыру арқылы ойнатсам, ересектерде сөйлем, әңгіме айтқызу арқылы өткіземін. «Ойлан, тап», «Шешуін тап» ойындарында қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгеріп

алғаннан кейін, оларды әбден бекіту мақсатында жұмбақтар, жаңылтпаштар, олардың сипаттамасын жатқа айтқызамын.

Ауызекі сөйлеу тілінде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқызып, жіберген қателерін дер кезінде түзетіп отырамын. Сонымен қатар сергіту ойындарын кеңінен пайдаланамын. Сабақты қай кезеңінде болса да, әсіресе, балалар шаршады-ау деген мезетте сергіту, бой жазу жаттығулары өте пайдалы. Сергіту ойындарында көктемгі, жазғы табиғат құбылыстарын, т.б. айтумен қатар қимылдармен бейнелейді.

Мысалы:

Түсті талдан жапырақ, сары көбелек секілді,
Аспанда жай шатырлап, жерде тамшы секірді.

Бұл дидактикалық сергіту ойындары балалардың сабақты зейін қойып тыңдауына, ақыл-ойын бір нәрсеге тұрақтандырып, саналы түрде білуге септігін тигізеді. Бір сәт көз алдарына елестетіп, дем алады. Осылай дидактикалық ойындардың сан алуанын өткізуге болады. Сюжеттік-рөлдік ойындардың тәрбиелік мәні зор. «Отбасы», «Қонақта», «Дастархан басында», т.б. ойындар арқылы адамгершілік, кішіпейілділік қасиеттер қалыптасады. Түрлі тақырыптар бойынша «Саяхат» ойындарын ұйымдастыру – сөйлеп үйренуге мүмкіндік туғызатын ең ұтымды жол.

Мысалы: «Алматыға саяхат ойынында бейнефильмге түсірілген жерлерді көре отырып, көрікті жерлерді, көше атауларын атайды, жүйелі сөйлеп, әңгіме құрастырады. Көше атаулары ұлы тұлғалар есімдерімен байланысты,

«Абай кім болған?», «Абылай хан қандай еңбек сіңірген?» секілді сұрақтар қойып, мәлімет береміз.

Логикалық ойындар балалардың есте сақтау, ойлау, т.б. қасиеттерін дамытады. Бір сурет беріледі де, белгілі уақыттан соң жауып қойып не көргендері сұралады. Неше бала болды немесе қуыршақтың көйлегі қандай еді? Үстел астында неше доп бар? Не өзгерді?, т.б.

Жарыс ойындарын, көбінесе, қорытынды сабақтарда пайдаланылады. Зырылдауық арқылы, асықтармен, топқа бөлініп те ойнауға болады. «Оқы да біл, ойна да күл», «Ойнайық та ойлайық», «Қыз қуу», т.б. жарыс-ойындарын өткізіп тұрамын.

Қазақтың ұлттық ойындары балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулиды. Ертеңгіліктерде, ойын-сауықтарда, серуенде балалар қызығып ойнайды. «Сақина салмақ», «Тақия тастамақ», «Орамал» ойындары арқылы көркем сөз үлгілерін жаттатып, бекітеміз, есте сақтауға үйретеміз. Тақырыпқа сәйкес оқылған ертегілерді де рөлдерге бөліп, сабақ үстінде, сабақтан тыс уақыттарда қойылым көрсетеміз.

Осыншама жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, қиындықтар да баршылық. Соның бірі – сөздік ортаның жоқтығы, тіпті, қазақ отбасында қазақша сөйлемейді.

Сабақта орындалған әрбір тапсырма міндетті түрде бағалануы тиіс.

Бақыт СЕГІЗБАЕВА,
Алматы қаласындағы
«І.Жансүгіров атындағы
№130 гимназия» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕРТЕГІНІ ОҚЫП, ОНЫ ЖАНДАНДЫРУ, КЕЙІПТЕНДІРУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ҰСТARTУ

Қазіргі күннің талабы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Білім тіл арқылы беріледі, ол адам баласын өркениетке жеткізетін ұлы күш.

Сондықтан тілді үйретуші мұғалімдерге, ұстаздарға, тәрбиешілерге зор міндет жүктелетінін біз әрқайсысымыз үлкен жауапкершілікпен сезінеміз.

Мен өзім 24 жыл орыс сыныптарында қазақ тілі пәнінен дәріс беріп келемін. Мен сабақты тек қана оқулықпен ғана шектеп қоймаймын. Міндетті түрде сабақ барысында ойын элементтерін енгізіп отырамын. Тақырыпқа байланысты әңгімелер, ертегілер оқып беремін. Келесі сабақта оқыған ертегіміз бен әңгімемізді жандандырып, кейіптендіріп отырамын. Оған менің көрнекі құралдарым, дидактикалық керекті заттарым жеткілікті.

Мен сіздерге ертегі оқып, оны жандандыру арқылы қандай жетістіктерге жеткенімді бөліскім келеді. Мен әңгіме оқысам да, ертегі оқысам да оқушылардың жас ерекшелігіне қарай аламын, соған қарай күрделендіріп отырамын.

Ертегіні оқымас бұрын дайын суреттер ілініп, көрнекі құралдар, атрибуттар дайындалады.

Әңгіме барысында суреттерді көрсетіп, атрибуттарды бастарына кигізіп, керекті заттарды қолдарына ұстатып отырамын.

Сондағы балалардың білсем, сөйлесем деген қызығушылығының артқанын байқайсыз.

Ертегі деген бұл ерекше жанр ғой, ондағы жан-жануарлар адамдар сияқты сөйлейді. Сондықтан да балалар әр түрлі кейіпкерлер арқылы бір-бірімен сөйлеседі, бір-біріне жылы лебіздер айтады, бір-біріне көмектеседі, топтасып жұмыс істейді. Мен бұл кезде балаларға сөйлеудің жеңіл түрлерін және грамматикалық ережелерді жаттатқызбай-ақ сөйлем барысында қолданып отырамын.

Мысалы: «Сен маған су бер, сонда мен саған жапырақ беремін!» - деп оқушы өзінің мақсатын жеткізеді.

Мұндағы мақсат ертегі мазмұнын жаттап алу емес, әңгіме ертегі барысын түсініп, өз ойын қоса білуі, өзі білгенінше әрекет етіп айта білуінде. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде балалар қандай жануарға өмір сүру үшін қандай азық керек екенін түсініп, соны табуға тырысады.

Ал, ағашқа келсек, ол жасыл жапырағын жаю үшін су керек екенін, жасыл ағаштың табиғат байлығы екенін түсініп, оған су беру үшін қыздармен достасады.

Біріншіден, бұл жерде біз балаларға достық, экологиялық, дүниетанымдық тәрбие береміз.

Екіншіден, балалар қандай кейіпкер болғысы келетінін өздері таңдайды.

Үшіншіден, кейіпкерлерге мінездеме береді жақсы, жаман, дұрыс, дұрыс емес деп.

Төртіншіден, олар іс-әрекетті жүзеге асырады.

Бесіншіден, өздері кейіпкерге қарым-қатынасқа түседі, рөлдерді ауыстырып отырады.

Енді ертегі соңында өз қиялдары бойынша ертегіні аяқтау үшін бейнелеу, шығармашылық қабілетін арттырамыз.

Олар, топ-топ болып, өздері ұнатқан кейіпкерлерін бейнелейді, суреттерін әңгімелеп береді.

Одан кейін балалардан «Мақта қыз бен мысық енді не істейді?» деген сұраққа жауап аламыз.

Олар әр түрлі ойларын айта бастайды:

1. Олар дос болады.
2. Шақырғанда тез келеді.
3. Сиырға шөп береді.
4. Сиыр оларға сүт береді.
5. Ағашқа су құяды.
6. Қыздармен дос болады.

Ертегі аяқталған соң үйге «өздерің ата-аналарыңмен бірігіп ертегі құрастырып көріңдер» деп тапсырма беріледі.

Сонымен, ертегі болсын, әңгіме болсын, олардың тәрбиелік мәні зор, тілін дамытамыз, еңбексүйгіштікке тәрбиелейміз, ұжым болып жұмыс істеуге, бірін-бірі тыңдауға үйретеміз.

Осы сөзіме дәлел ретінде Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін оқып, 4-сыныптар арасында көрініс қойдық.

Сонда:

1. Әке мен балаға лайықты киім киіндірдік;
2. Таға таптық;
3. Дүкенші мен ұстаны киіндіріп отырғызып қойдық;
4. Шиені ермексаздың қызыл түсінен жасадық.

Сабақ соңында балалардан «бұдан қандай қорытынды шығардыңдар?» деп сұрағанда:

Бір рет еңкейгенге ерінген баласы шие үшін бірнеше рет еңкейді. Сондықтан ешқашан ерінбеу керек. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей» деп Ыбырай атамыз дұрыс айтқан екен деп ойларын түйіндеді балалар.

Мәрзия САЛАМАТОВА,
Сәуле САДЫБЕКОВА,
Қостанай облысының
Лисаков қаласындағы
№6 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімдері.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ-БІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ТЕКСЕРУ МЕН БАҚЫЛАУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан халқына Жолдауында келесі міндеттерді көздеді: «Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін».

Бүгінгі таңда қазақ тіліне деген сұраныс өз елімізде ғана емес, сонымен қатар шетелдерде де байқалып отыр.

Оқушылардың мемлекеттік тілді үйренуде жақсы жетістіктерге жетуі үшін мұғалімге, біріншіден, пәнді үйрету, ғылым негіздерімен қарулануы керек, екіншіден, саналы, мазмұнды бағдарлама мен оқулықтар қажет,

үшіншіден, әрі тиімді, әрі пайдалы инновациялық технологияларды пайдалана білу керек. Сонымен қоса сабақ үстінде оқушылар білімін бақылау түрлері, формалары және әдістері мен бағалаудың маңызы өте зор.

Бақылау түрлері, формалары және әдістері.

Оқу үдерісіндегі бақылау әр түрлі, көп формалы бола келіп, сан қилы әдістермен атқарылады. Педагогикалық тәжірибеде бақылаудың бірнеше түрін атауға болады: алдын ала, ағымдық, мерзімдік, тақырыптық, қорытынды және өтілген материал ізімен. Алдын ала бақылау – әдетте, диагностикалық міндеттерге орай жүргізіледі. Ондағы мақсат – оқушылардың оқуды бастауға дейін игерген білім, ептілік дағдыларының деңгейі, дәрежесін анықтау. Бұл жұмыс жыл басында не тақырыпты өту алдынан өткізіледі. Алдын-ала бақылау нәтижесінің негізінде мұғалім оқу жұмыстарының тиімді түрлері мен формаларын таңдастырады. Ағымдағы (күнделікті) бақылау – оқу барысында ұйымдастырылып, білім, ептілік және дағдылардың қалыптасу дәрежесін, сонымен бірге игерілген материалдың қаншалықты терең және берік бекігенін анықтау үшін қолданылады. Бұл бақылаудың тиімділігі – оқушылар біліміндегі кемшіліктер мен олқылықтарды дер кезінде байқап, бағдарлама ақпараттарын меңгеруде көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Күнделікті бақылаудың дұрыс жолға қойылуы оқушылардың әр сабаққа мұқият әрі тыңғылықты дайындалып жүру жауапкершілігін арттырады. Мерзімді бақылау – белгілі уақыт аралығындағы жұмыстардың қорытындысын алуға пайдаланылады. Ол не тоқсан, не жыл жартысы аяғында жүргізіледі.

Тақырыптық бақылау – тақырып, бөлім материалдары өтіліп болған соң өткізіледі. Қорытынды бақылау – оқу үдерісінің соңғы нәтижелерін жинақтау үшін қолданылады. Ол пән бойынша бүкіл білім, ептіліктер мен дағдылар жүйесін қамтиды. Өтілген материал, тақырып ізімен бақылау – тақырып, курс, модуль өтіліп, уақыт озған соң қалдық білімді анықтау үшін қолданылады. Мерзім үш айдан жарты жылға дейін не одан көп созылуы мүмкін. Мұндай бақылау оқу үдерісінің тиімділігін соңғы нәтиже бойынша пайымдау талаптарына сәйкес келеді. Бақылау әрқилы формада жүргізілуі мүмкін. Формалық жағынан мұндай жұмыс жеке-дара, топтық және сыныптық болып бөлінеді. Бақылау барысында әрқилы әдістер де қолданылуы мүмкін. Бақылау әдістері дегеніміз – бұл оқушылардың оқу танымдық іс-әрекеттері мен мұғалімдер жұмыстарының нәтижелілігін айқындауға жәрдемші жол, тәсілдер. Педагогикалық практикада ауызша, жазбаша, тәжірибелік, компьютерлі (машынды) бақылау және өзіндік қадағалаулар қолданылуда.

Ауызша қадағалау – оқушыларға ауызекі сұрақ қоюмен орындалады. Ол шәкірттердің білім, ептілік және дағдылар деңгейін айқындауға, сонымен бірге оқушының материалды баяндау қисынымен танысуға, меңгерген білімдерін, төңіректе болып жатқан оқиғаларды түсіндіре алу ептіліктерін байқауға, өз пікірін білдіру мен дәйектеу және қателікті көзқарастарға қарсы тұрып, дәлел келтіре алу қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Жазбаша қадағалау – жазба бақылау тапсырмаларын

(жагтығулар, бақылау жұмыстары, шығармалар, істелген жұмыстар бойынша есеп беру және т.б.) орындау формасында жүргізіледі. Мұндай қадағалау әдісі барлық оқушылар білімін бір уақытта тексеруге мүмкіндік береді, алайда жазба жұмыстары көзден өткізіліп, бағалау көп уақытты талап етеді.

Тәжірибелік қадағалау – оқу, тұрмыс және өндірістік ептілік, дағдылардың қалыптасуын не қозғалыс, қимыл дағдыларының орнығуын анықтауда пайдаланылады. Ақпараттық технологиялардың дамуымен компьютерлі қадағалау етек жаюда. Мұндай машынды қадағалау оқытушының да, оқушының да уақытын үнемдеуге көп көмегін тигізеді. Компьютерлі қадағалау арқылы білім деңгейін өлшестіру мен бағалауға бірыңғай талаптар белгілеуі мүмкін. Бұл қадағалауда оқу нәтижелерін статистикалық талдау мен өңдеу өте жеңіл. Білім бағалаудағы мұғалім субъективизміне машын шек қояды. Машынды қадағалау қолданумен өзіндік қадағалауды да оңтайлы ұйымдастыруға болады, дегенмен өзіндік қадағалауды қарапайым жолмен де өткізу мүмкін. Бірақ бұл үшін оқушыларды өз бетінше қателіктерін байқауға, танымдық міндеттердің қате шешілу себептерін талдауға, оларды болдырмау, түзеу және реттеуге үйрету қажет. Әр түрлі қадағалау әдістерінің бірге қолданылуы аралас (тығыздалған) қадағалау деп аталады. Әдетте, мұндай тексеру ауызша және жазба сауалнамалар беру түрінде өтеді. Оқу үдерісіндегі қадағалауларға төмендегідей педагогикалық талаптар қойылады:

– қадағалаудың даралықты сипаты. Әр оқушы жұмысы, оның жеке оқу іс-әрекеттері өз алдына қадағаланады. Бір шәкірттің оқуындағы нәтижелерді ұжымдық

жұмыстар қорытындыларымен не керісінше алмастыруға болмайды;

– жүйелілік қадағалаудың оқу үдерісі барша кезеңдерінде үздіксіз, ретімен өтіп тұруы;

– қадағалау формаларының әр түрлілігі. Осыдан қадағалаудың оқыту-үйрету, дамыту және тәрбиелеу қызметтері қамтамасыз етіледі;

– қадағалаудың жан-жақтылығы. Қадағалау баланың теориялық білімдерін, ақыл-ой парасаттылығын, тәжірибелік ептіліктер мен дағдыларын тексеруге мүмкіндік береді;

– қадағалаудың шынайылығы. Қадағалауда субъектив және қателікті пікірлер мен қорытындыларға жол берілмеуі тиіс;

– жекелестірілген бағыт-бағдар. Оқушылардың жеке-дара тұлғалық сапа-қасиеттері ескерілуі тиіс;

– мұғалім тарапынан болған талаптардың бірыңғай болуы.

Соңғы кездері тестік қадағалау көптеп қолданылуда. Мұндай тексерудің негізгі құралы – тест тапсырмалары. Анықтау нысаны тұрғысынан педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік – психологиялық, мәдени – эстетикалық таным тестері болып бөлінеді.

Оқу іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалау

Оқушылардың оқу-танымдық жұмыстарын қадағалау нәтижесі сол жұмыстарды бағалаудан көрінеді. Бағалау – білім, ептілік және дағдылардың игерілу дәрежесін анықтау. Бағалау қызметтерінің сандық көрсеткіші – баға, яғни, баға оқушылардың білім, ептілік, дағдылар дәрежесінің шартты сан не ұпаймен белгіленуі. Оқу нәтижесі тек баға емес, басқа да жолдармен анықталуы

мүмкін. Мысалы, ол ауызекі қолдау не қолдамау, алғыс жариялау, мақтау парағы не медальдармен мадақтау және т.б.

Білім бағалауда шынайылық, білім сапасын анықтаудағы бірыңғай талап үлкен маңызға ие. Себебі, білімдік баға – оқушыға ықпал жасаудың өте нәзік құралы. Көтеріңкі баға шәкіртті қуантады, қанаттандырады. Әсіресе, нашар бағаның әсері күшті: ол баланың оқуға деген ықыласын арттыруы да не, тіпті, оқудан бас тартуға ықпал жасауы мүмкін. Сондықтан да, кейінгі жылдары бағалау, баға қою мәселесі үлкен пікірталас туғызып отыр.

Бағалаудағы қателіктер

Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері төмендегідей:

- кең пейілділік, орынсыз жомарттық. Баға ретсіз көтеріңкі қойылады. Оқушыларды бағалаудағы “жомарттықтың” шектен асқан, бүгінгі күнде мектеп тәжірибесінен арылуы қиындық тудырып отырған формасы – “пайыздыққа” жүгіну (процентомания);
- оқушыға болған ұнамды не кері қарым-қатынас күйін бағалауға, бағаға өткізу;
- көңіл-күйге орай баға қоя салу;
- тұрақты да қатаң өлшем-шектердің болмауы (деңгейі төмен жауап үшін мұғалім жоғары не ұнамсыз баға қоя салуы);
- орташа бағалау ұстанымында болу (“екілік” не “бестік” бағаларды қоймау);
- жүйе тұрақсыздығы (оқытушы көп уақытқа дейін сұрақ жүргізбей, баға қоймай не бір сабақты түгелдей сұрақ қоюмен оқушылар бағасын тізіп салу);
- өткендегі бағаға жақындау бағаны қоя салу (мысалы,

оқушының өткендегі “екілігінен” кейін оған бірден “бестік” баға беру мұғалім үшін қиын сияқты);

– әсіре (ореол) қателігі (оқытушы өзі ұнатқан оқушысына жаман, жек көрген шәкіртіне ұнамды баға қоюда тартыншақтыққа түседі);

– баланың тәртібіне қойылатын баға пән үлгеріміне ауыстырылады;

– бағаны әсіре көтеру не себепсіз төмендету және т.б. Дегенмен, әрқандай бағаны көтере түсу немесе төмендетіп бағалау негізінде неше түрлі мән болуы мүмкін. Мысалы, үлгерімі төмен оқушыға көтеріңкі баға қою оған психологиялық қолдау көрсетіп, алдағы оқуда ілгерілеуіне көмектесу ниетінен болуы мүмкін. Сондықтан бағалаудағы субъектив ойдың бәрін бірдей қателікті деп қарастыру дұрыстыққа келмейді.

Шебер – класс

Оқушылардың білімін бақылау және бағалауды келесі тапсырмалар жүйесі арқылы ұйымдастыруға болады:

1-тапсырма. Мәтінді зейін қойып оқыңыз, қарамен берілген сөздерге көңіл аударыңыз. Внимательно прочитайте текст, обратите внимание на выделенные слова.

Адамдардың бір-бірімен танысуы сәлемдесуден басталады. Сәлем – сөз басы. Сәлемдесу – қарым-қатынас бастауы. Сәлемдесудің ең басты шарты – жылы лебіз.

Амандасу – адамгершіліктің, әдептіліктің белгісі. Адамдар амандасқанда бір-біріне денсаулық тілейді. Әрқашан да бір-бірімізбен амандасып жүрейік.

2-тапсырма. Өткенді еске түсіріп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Вспомните пройденный

материал и ответьте на следующие вопросы.

- Танысу рәсімі неден басталады?
- Амандасу ненің белгісі? Амандасу түрлерін атаңыз.
- «Сәлем – сөз басы» деген ұғымды қалай түсінесіз?

3-тапсырма. Жаңа сөздерді пайдаланып, мәтін мазмұнын айтып беріңіз. Используя новые слова, перескажите содержание текста.

4-тапсырма. Төмендегі сөздерден мәтін мазмұнына сәйкес сөз тіркесін жасаңыз. Составьте словосочетания в соответствии с содержанием текста.

адамдардың	белгісі
қарым-қатынас	шарты
сәлемдесудің	бастауы
әдептіліктің	танысуы

5-тапсырма. Төмендегі кестені толықтырыңыз және сөйлем құрастырыңыз. Заполните данную схему и составьте предложения.



6-тапсырма. Кестені толықтырыңыз. Дополните таблицу.

Менің	Сенің	Сіз-дің	Оның	Біз-дің	Сен-дер-дің	Сіз-дер-дің	Олар-дың
сәлемім	сәлемің	сәлеміңіз	сәлемі	сәлемдеріміз	сәлемдерің	сәлемдеріңіз	сәлемдері
лебіз...							
әдеп...							
шарт...							

7-тапсырма. Көп нүктенің орынына тиісті жалғауды қойыңыз. Бұл қандай жалғаулар, нені білдіреді? Вместо многоточий вставьте соответствующие окончания. Что обозначают данные окончания?

Сәлемдесу – қарым-қатынас бастау... . Сәлем – сөз бас... . Сәлемдесудің ең басты шарт... – жылы лебіз. Амандасу - адамгершіліктің, әдептіліктің белгі... .

Танысып қой... , бұл - Асқар. Ол - менің дос... . Сіздің әріптестер... қайда? Олардың мекенжайы... қандай?

8-тапсырма. Танысудың сөйлеу үлгісін тыңдаңыз. Прослушайте образец разговора при знакомстве.

- Танысу – достықтың жолы. Әріптестер, бір апта бірге оқимыз ғой, танысайық.

Менің атым – Қуаныш, Талдықорған қаласынан келдім.

- Менің атым – Бақыт, Алматыданмын.

- Танысқанымға қуаныштымын.

- Мен де. Танысайық, дос болайық.

- Сенің мекен-жайың қандай?

- Мен “Тастақ” ықшамауданында тұрамын: 1-үй, 5-пәтер. Менің үйімнің есігі әрқашан сен үшін ашық.

- Ал менің мекен-жайым: Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 15- үй. Жетісу жеріне қонаққа кел! Достығымыз артсын! - Жақсы.

Гүлжазира ЖАНЫҚҰЛОВА,
Қазалы көлік-техникалық
колледжінің тәрбиешісі.

Қызылорда облысы.

Қазалы ауданы,

Әйтеке би кенті.

ӨЗІңДІ ДЕ, ӨЗГЕНІ ДЕ БАҒАЛАЙ БІЛ

Мақсаты: студенттердің өзін-өзі құрметтеу, өзінше туралы ойын дамыту; өзгенің даралығын бағалау, коммуникациялық дағдыны жетілдіру; әрбір қатысушының адам бойындағы бағалайтын қасиетін айқындау.

Түрі: танымдық сабақ.

Дүниедегі ең құпия да күрделі құбылыс – адам. Өкінішке қарай, біз бұған, өз табиғатымызға пәлендей мән бермейміз. Небір ғылым салаларын түбегейлі зерттейміз, техниканың таңдай қақтырарлық жаңалықтарын жасаймыз, аспан әлеміне үңілеміз. Ал мұның ар жағында жасырынған адам баласының күдіретіне бойламаймыз. Әрбір жан иесі – қайталанбас тұлға. Байқап қарасақ, жер бетіндегі әрбір адам – өзінше бөлек әлем. Адам жанының байлығы, рухани пәрменділігінің күші шексіз. Көзге көрінбейтін қазбалардай оны шығару оңай емес.

Адамтану ғылымымен айналысатын ғалымдардың пайымдауынша, адамның мінезін, ой-өрісін, сана-сезімін қалыптастыратын үш жағдай бар екен: тұқымға тартушылық, қоршаған, өскен ортасы және өзін-өзі тәрбиелеу. Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі оңайлықпен қолға түспейді. Жеткіншек санасының оянуы, оның өзіндік «менін» сезіне бастауы, Абай тілімен айтқанда, кісінің өзіне-өзі ұдайы есеп беруінен, өзін-өзі аңғара, байқай алу қабілетінен көрінеді. Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі жан мен тәнді үнемі шынықтырып, жаттықтырып отыруды тілейді. Өзіңнің жан дүниені терең үніліп, дұрыс-бұрыстың ара-жігін ажыратудың өзі – меніңше, үлкен өнер. Сол өнерді игеріп, ерекше табандылық, шыдамдылық пен төзімділік таныта білген адамдар тарихта да көптеп кездеседі: ескі заманның аты шулы шешені Демосфен, америкалық соқыр, мылқау, керең Эллен Келлер, француз суретшісі Анри Ренуар, атақты композитор Бетховен, украин жазушысы Леся Украинка, керең, соқыр, мылқау ғалым Олесья Скороходова, тізе берсең мұндай тұлғалар жетерлік.

I бөлім. Адам – құпия.

Тренинг: «Сәлем, бұл – менмін».

Мақсаты: Өзін-өзі таныстыру дағдысын дамыту, тілдесу үшін жағымды байланыс орнату.

Нұсқау: Өзіңді көрсет, өзің туралы айтып бер. Өзіңді өзің таныстыру үшін әр түрлі әдістерді пайдалануға болады. Мысалы: жарнама, газеттегі хабарландыру, өзің туралы әңгіме, өлең, ән, афоризм.

Жаттығуды талдау:

Қай қатысушының өзін-өзі таныстыруы сізге көбірек ұнады, неліктен?

Тренингке қатысушы туралы қандай жаңа мәлімет алдыңыз?

Шығып сөйлеу барысында сіз адамның ашық, тілектестік қарым-қатынасқа бет бұрғандығын сезіндіңіз бе?

Жаттығу. «Футболкадағы қолтаңба».

Мақсаты: Өзін-өзі құрметтеу, өзі туралы ойын дамыту.

Қатысушыларға парақ таратылады, оған өз футболкаларына қандай жазу керектігі айтылады. Ол жазу адамның бір нәрсеге бейімділігін – олардың немен айналысатынын, ойындарын, әлемге қатысын және т.с.с. білдіруі керек. Бірнеше қолтаңба ойлауға да болады. Жұмысқа 5-10 минут беріледі. Осыдан кейін қатысушылар өздерінің қолтаңбалары туралы әңгімелейді.

Жаттығуды талдау. Осы қолтаңбалар не туралы айтады. Өзіміз туралы өзге адамдарға не айтқымыз келеді? Бәрінен де ұнайтын қолтаңба қандай? Өзіңнің қолтаңбаң ұнай ма? Оны өзгерткің келе ме? Әр түрлі қатысуға қандай қолтаңба ойлауға болады?

Сухомлинский: «Өзіңді-өзің бағындыруға, өзің-өзің билік көрсетуге кішкентайыңнан үйрен. Құлқың соқпаған, бірақ қажетті істі атқаруға өзіңді көндіре біл. Тиістіні тындыру – ерік, қайраттың бірінші қайнар бұлағы», – деген екен. Ал біз қазіргі қоғамда сол бұлақтың тамшысынан қаншалықты нәр алудамыз?!

Сұрақтар:

1. Кімнің қателігінен сабақ аласың?

2. Әрбір қасиетті өз орынында қолданбаған жағдайда не өзгермек? Мысалы, әкім қызмет орынында көрсеткен салмақтылығын отбасында көрсетсе, тәкаппарлыққа айналады.

3. Адам қарама-қарсы екі көркем қасиетті бір-біріне араластырса не болмақ? Мысалы, Бір адам жомарт болса, бұл жомарттығын асырып, ысырапшылдыққа апаруы мүмкін немесе қолындағысын үнемдеймін деп жүріп сараңдыққа бой алдыруы мүмкін.

Пайғамбарымыз (с.а.у) ержүрек, батыр және онымен қоса құмырсқаны байқамай басып кетсе, жүрегі елжіреп, діріл қағатындай аса мейірімді, рақымды еді. Бүкіл ғаламға ұстаздық еткен Пайғамбарымыз (с.а.у) кішкентай бүлдіршіндермен құмда отырып ойыншық ойнайтындай қарапайым әрі кішіпейіл еді. Әр қасиетті өз мөлшерінен асырып, екінші бір жаман қасиетке айналуына жол бермеген. Яғни, таразының басын тең ұстап, тепе-теңдікті сақтай білген.

Әр адамның жан дүниесі – ерекше сырлы, жұмбақ әлем. Біздің рухани байлығымызды жетілдіріп, бойымыздағы кемшіліктерден арылтатын ең күшті қару да тек адамның өз ерік-жігері екені сөзсіз. Әдетте, өзін-өзі тәрбиелеуді көбіне ұнамсыз жайды сезініп, сонымен күресуден бастайды. Біреуі – бойындағы берекесіздіктен, екіншісі – дөрекіліктен, үшіншілер – бойындағы тұйықтықтан, ұялшақтықтан арылғысы келеді. Бұл тізімді жалғастыра берсек, шегіне жетуіміз екіталай сияқты. Өзінді тәрбиелеу үшін алдымен мақсат қойып, күш-жігер жұмсап, өзінді-өзің бақылап, өз ісімізге талдау жасап отырғанымыз абзал. Ал психолог мамандар өз кезегінде өзін-өзі тәрбиелеудің

бірнеше әдістерін көрсеткен. Олар – өзін-өзі сендіру, тексеру, жазалау. Осы мәселе төңірегінде М.Жұмабаев: «Адамның өзін-өзі тексеруі оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне бірінші шарт», – деп те айтып өткен екен. Ғылым әдіс-тәсілдерді зерттеп көрсеткенімен, әр адам өз ыңғайына қарай жүгінеді. Тіпті, көре білген, түсіне білген адамға кез келген оқиға сабақ болып, тәрбие беретініне ешкім күмән келтіре қоймас.

Сергіту сәті: «Жаңбыр»

II бөлім. Жанында жүр жақсы адам.

Қатысушыларға ортасында нүкте белгіленген ақ парак көрсетіледі. Қатысушылар не көріп тұрғанын айтады. Бұдан шығатын қорытынды: өмірде кемшіліксіз адам жоқ! Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Алайда, өз кем-кетігіне басқаларды кінәлап, алдында таңдау тұрса да, «тағдырға» өкпе артатындар баршылық. Қадыр Мырза Әли «Берерің болмаса да, беделің болсын» деген екен. Ал оған талпыну да, жету де – өзіміздің қолымызда. Өзің жақсы болсаң, жалғыз бола қоймассың. Құдай бізді «жақсы», «жаман» қылып емес, «адам» қылып жаратқанын ұмытпағанымыз абзал! Адамның таңдаған жолы ұлы болмайды, оны ұлы ету де тек адамның өз қолында екенін естен шығармай, жақсы-жаман қасиеттерімізді таразылай білгеніміз жөн.

Тренинг: Менің адам бойындағы бағалайтын қасиетім.

Мақсаты: Тілдесу барысында бірін-бірі жақынырақ қабылдау үшін жағдай жасау, шығармашылық қиялынды дамыту.

Нұсқау: Адам бойындағы қандай қасиетті бәрінен

жоғары бағалайтыныңызды ойланып көріңіз. Осы қасиет көрініс беретін әңгіме, хикая, аңыз, ертегі, өлең немесе әнді еске түсіріңіз не ойдан шығарыңыз. Өз қалауымен шығып сөйлеушілер әңгімелерін айтқанда, қалғандары қандай қасиет туралы айтылғанын табу керек.

Талдау:

1. Қандай қасиет жайлы әңгімеленді?
2. Сіз оны қандай белгілері бойынша таптыңыз?
3. Әңгімелеушінің пікірі сіздің пікіріңізбен сәйкес келе ме?
4. Қасиетті баяндау түрі әңгімелеушінің айтқысы келгенін тереңірек түсінуге көмектесті ме?

Жаттығу. «Ассоциациялар».

Мақсаты: Өзгенің даралығын бағалау, коммуникациялық дағдыны дамыту.

Қатысушылардың бірі – жүргізуші есік сыртына шығып тұрады. Топ өзара келісіп, қалған қатысушылардың ішінен бір адамды таңдап алады, ал жүргізуші оны табу керек. Жүргізуші топ мүшелеріне сұрақтар қояды және олардың жауаптары бойынша адамды табуға тырысады. Жұмбақ адамға байланысты, сұрақтар ассоциацияға беріледі: Бұл адам қандай аңмен ассоциацияланады?

Қандай ауа райымен? Өсімдікпен? Түспен? Музыкамен? т.с.с.

Әдетте 5 сұрақ қойылады, жүргізуші жұмбақ Адамды табу керек. Дұрыс жауап берілсе, табылған адам жүргізуші болады, жауап дұрыс болмаса – жүргізуші осы жаттығуды орындайды.

Талдау: Жұмбақ адамды табуда не көмектесті?
Қандай қиындықтарға тап болдыңыздар? Қандай әсер
алдыңыздар? Енді өздеріңізді қалай сезінесіздер?

**Рөлдік ойын: «Отбасы мүсіні», «Ата-аналар мен
балалар».**

Рөлдік ойындар аяқталғаннан кейін талқыланады.

Сұрақтар:

1. «Өзгені мойындай білген өзін де өмірге дайындай
біледі» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіз?

2. Сіз өзіңізге ұнайтын жақын адамыңызды (дос,
туыс, т.б.) бір күні жеккөріп қалдыңыз, ол адамның бір
қылығы себеп болды немесе сіз өзіңізге ұнамайтын бір
адамды жақсы көріп қалдыңыз, мысалы, ол сізге қиын
сәтте көмегін берді. Ал, енді, осы айтылған жағдаяттар
жайында өз пікірлеріңізді білдірсеңіздер?

«Кім боламын?» деп ерте ойланған бала, өзінің
кім екендігін ерте анықтайды деген жақсы сөз бар.
Сіздердің әрқайсыңызда мақсат-мұраттарыңыз, арман-
тілектеріңіз болады. Ендеше, алдарыңыздағы түрлі-
түсті қағаздарға сол армандарыңызды жазсаңыздар.
(Баяу музыка ойнайды)

Қорытынды.

**Қатысушыларға бейнеоролик көрсетіледі:
«Сәттілік».**

«Бақыт деген не?» деп сұраған екен бірде баласы
әкесінен. Сонда әкесі былай жауап берген екен: «Балам,
адам болғаныңның өзі – бақыт». Құдай бізді «жақсы»,
«жаман» қылып емес, «адам» қылып жаратқанын
ұмытпағанымыз абзал», – депті.

Сабаққа белсене қатысып, белсенділік
танытқандарыңызға көп рахмет!

Бибігүл ИСЕМБЕРЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
№13 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «СЕН СҰЛУ»

Сабақтың мақсаты: Мағжан Жұмабаев туралы білімдерін толықтыру. Әр баланың жеке тұлға ретінде қабілеттерін ашу және дамыту.

Міндеттері: оқушылардың танымдық деңгейін көтеру. Ойлау белсенділігін, ой-өрісін, сөздік қорын молайту. Мәнерлеп сауатты оқи білуге баулу.

Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын үлгі ете отырып, отансүйгіштікке, сұлулыққа, сөз өнерінің иелеріне мақтанышпен, құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, іздендіру. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайдтар, шығармалары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау (Ш.Құдайбердіұлының өлеңін жатқа айту, диалог, өмірбаянын әңгімелеу).

Осы тапсырмаларды сұрамас бұрын бес оқушыға үй тапсырмасы бойынша тест беріледі (10 сұрақ).

«Адамдық борышың» өлеңі неге үйретеді? (еңбекқорлыққа, білімпаздыққа, өнерге).

Үй тапсырмасын қорытындылау үшін «Бәйге» ойынын ойнап жіберейік. Бұл ойын шапшаңдықты, дұрыс жауап беруді қажет етеді. Орындарыңыздан тұрып тез жауап беріңіздер.

1. «Бес арысқа» кімдер кіреді? (Мағжан, Міржақып, Шәкәрім, Ахмет, Жүсіпбек)

2. Шәкәрім кім?

3. Ол қай жылы туған?

4. Ш. Құдайбердіұлы қай жерде туған?

5. Оның әкесі кім?

6. Абай Шәкәрімнің кімі?

7. Шәкәрімді кім тәрбиеледі?

8. Оның әкесі қашан қайтыс болды?

9. Шәкәрімнің атасы кім?

10. Шәкәрім кімдердің шығармаларын аударған? (шығыс классиктерінің, Пушкин, Толстой).

11. Ол аударманы өлеңмен бе әлде қарасөзбен аударған ба? (өлең).

12. Ол қайда 2 рет барды? (Мекке-Мәдина, Стамбул)

13. Шәкәрім бұл жолы кім атанады?

14. Оның өлеңдері, әңгімелері тұнып тұрған не? (философия, даналық).

15. Оның шығармаларын ата.

III. - Енді, біз жаңа сабағымызды бастаймыз.

Сабағымыздың тақырыбы: Мағжан Жұмабаев және оның «Сен сұлу» өлеңі.

Сабақтың мақсаты: Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына тоқталу. «Сен сұлу» өлеңімен таныса отырып, ой-өрісімізді кеңейту. Мәнерлеп оқуға үйрену және Мағжанның шығармаларын үлгі ете отырып, сұлулықты түсініп, тани білуге тәрбиелеу.

- Балалар, алдымен мына кестеге назар аударайық. Өткен сабақта «бес арысқа» қандай ақын-жазушылар кіретіні туралы тоқталғанбыз. Олар, міне, алдарыңызда.

Слайд (Міржақып, Жүсіпбек, Ахмет, Шәкәрім, Мағжан)

Шәкәрім туралы өткен сабақта айтқан болсақ, бүгін Мағжан туралы айтамыз.

- Балалар, алдарыңыздағы хронологиялық кесте бойынша қысқаша өмірбаянымен танысамыз (бейнежурнал).

Жұмабаев Мағжан Бекенұлы 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. 4 жасында ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашады, ал 1905 ж. Қызылжардағы медресеге оқуға түседі, бұл медреседе араб, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген. Кейін ол Уфадағы Ғалия медресесінде, Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған. М.Жұмабаев өлеңді 14 жасынан бастап жазған.

1912 жылы «Шолпан» атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Оның қазақ поэзиясының алтын қорына қосылған «Батыр Баян» дастаны 1922 Ташкентте жарияланды.

Оның шығармалары кезінде қазақ, татар тіліндегі газет-журналдардың бетінде үзбей жарияланып тұрған, бірақ 60 жыл Мағжанның шығармаларын оқуға тыйым салынып, шығармалары өртенді, өйткені ол сол кездегі сталиндік режимнің құрбаны болатын. Мағжан жеке басқа табынудың құрбаны болған ақын. Қазір ол ақталып, мол мұрасы жарық көрді. Мағжанның мынадай оқулықтары жарық көрген (интерактивті тақтада) және оның мынадай көптеген өлеңдері бар.

Слайдтар.

- Балалар, біз әдебиеттің қандай жанрларын білеміз?
(поэзия, проза, драма).

IV. - Енді, біз бүгін М.Жұмабаевтың поэзиясындағы аса құнды шығармаларының бірі «Сен сұлу» өлеңімен танысамыз.

Алдымен «сұлу» сөзінің синонимдерін айтыңызшы?

Мағжан – табиғаттың тілін түсініп, оны сөйлете білген ақын. Мұны осы «Сен сұлу» өлеңінен анық байқауға болады. Сонымен қатар осы «Сен сұлу» өлеңін ол сүйген жарына арнаған.

Енді түсіндірме сөздікке назар аударайық.

Түсіндірме сөздік:

күміс табақ – толық ай;

жібек жел – самал жел;

дария, айдын – су;

шаңқай түс – тал түс;

жымыңдаған, жарқ-жұрқ еткен – жарқыраған;

қу – аққу.

- Енді, балалар, мен сендерге өлеңді оқып берейін.

- Енді сіздер мәнерлеп оқып беріңіздер (4 оқушы 1 шумақтан).

- Балалар, осы өлеңде неше шумақ, неше тармақ бар?

Өлеңде қандай ұйқас түрі кездеседі және ұйқас түрін кім жазып береді?

Өлеңнің барлық шумақтары аралас ұйқасты.

V. Қазір өлеңді талдаймыз.

Шығарма жанры-

Авторы-

Тақырыбы-

Негізгі идеясы-

Шумақ саны-

Тармақ саны-

Буын саны-

- Балалар, енді айтыңыздаршы әдебиет теориясының қандай ұғымдары бар еді?

Кейіптеу, теңеу, метафора, метонимия, эпитет.

Кейіптеу – әр түрлі табиғат құбылыстарын адам кейіпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл еді. Кейіптеу көбіне ертегілерде, аңыз-әңгімелерде жиі кездеседі.

Ал мына өлеңде кейіптеу мына жолдарда кездеседі.

Сылқ-сылқ сылдыр қаққан су сұлу.

Мысалы, бұл жерде ақын суға жан бітіріп, сылқ-сылқ күлдіріп адам кейіпінде суреттейді.

VI. - Енді осы өлең бойынша пысықтау сұрақтарына жауап берейік.

1. Бұл өлең не туралы?

2. Осы өлеңде қай жыл мезгілі суреттелген?

3. Ақын өлеңінде нені жырлайды?

4. Осы айтылғандардың барлығы неге және кімге деген махаббат?

5. Аспан,гүл,асқар тау, көл қай жердің табиғаты?

6. Ақын өзінің махаббат сезімін не арқылы жеткізеді?

7. Ақынның «сұлу» жырының сыры неде?

8. Бірақ бәрінен де кім сұлу?

- Балалар, біздің Қазақстанның табиғаты қандай сұлу, керемет! Сылдырап аққан су, асқар тау, ну орман, сонымен қатар Қазақстан жер қойнауы өте бай. Бірақ бүгінгі күні осындай табиғатымыз үлкен экологиялық мәселеге душар болып отыр.

Өйткені Ақсай,Атырау сияқты қалаларымызда газ, мұнай өнімдерінің қалдықтары ауаны, суды ластап отыр. Табиғат та – жанды құбылыс, сондықтан, ақындарымыздың өлеңдерінде жырлағандай, сұлу табиғатымызды әрқашан аялауымыз керек.

Ұлы орыс жазушысы Достоевский айтқандай, «осындай әлемді азаптан құтқаратын – сұлулық пен махаббат», ал қазақ ақыны Абай айтқандай, «махаббатсыз дүние – бос».

- Балалар, енді қайтадан өлеңге көз жүгіртсек, Мағжанның лирик ақын екеніне көзіміз жетті.

VII. - Енді, кезек сөзжұмбаққа да жетті.

Мына сұрақтарға жауап беру арқылы кестені толтыру керек.

1. М.Жұмабаевтың алғаш білім алған жері?

2. М.Жұмабаев кім?

3. Уфадағы медресе қалай аталады?

4. М.Жұмабаевтың алғашқы ұстаздарының бірі кім еді?

5. Ең танымал поэмасы.

6. Өлеңдер жинағы.

VIII. - Балалар, Мағжан Жұмабаев туралы біздің ұлы тұлғаларымыз да мынадай өз пікірлерін білдірген болатын.

Мағжан туралы пікірлер:	Авторлар:
1. Мен Мағжанды сүйемін, Европалығын, әшекейін сүйемін.	М.Әуезов.
2. Мағжанмен қазақ даласы әнге тұнып тұрғандай.	А.Затаевич.
3. Ақын едің, Күн боп едің, Мезгіл жетпей сөндің сен. Сондадағы борышыңды Адамзатқа бердің сен.	Қ.Аманжолов.

<p>4. Мағжан Жұмабаев – ол бірден ұлтым деп Алашына сыйынған. Өзгерсе, қазағының мүддесіне сай өзгерген. Ұлты зар жыласа, ақын қан жылады. Қазағының беті шырайланса, мұның өлеңі арайланған.</p>	<p>Ш.Елеуқенов.</p>
---	---------------------

Осы қанатты сөздерден-ақ М.Жұмабаев өз халқы үшін өмірін сарп еткен атақты тұлға екеніне көзіміз жетеді.

IX. Сабағымызды қорытындылай келе, топтастыру стратегиясы бойынша мына кестені толтырамыз (Интерактивті тақта).

X. - Енді, бекіту сұрақтарына жауап берейік.

1. Мағжан кім?
2. «Бес арысқа» кімдер жатады?
3. Ақынның қандай өлеңдері бар?
4. Қандай оқулықтары бар?
5. Ақынның «Сен сұлу» өлеңі қандай тақырыпқа жазылған?
6. Қандай жыл мезгілін көрсетеді?

XI. Бағалау.

Алты алаштың алдаспаны, поэзия пайғамбары, сұлулықтың символы, жырымен сырлы, жанымен нұрлы, қазақтың сегіз қырлы жігіт сұлтаны М.Жұмабаевты сүйіп оқымайтын жан жоқ. Ақынның өзі өлгенімен, оның шығармалары мәңгі өлмейді, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табады.

XII. Үйге тапсырма: өлең жаттау, өмірбаянын әңгімелеу.

Айнагүл ЖҮЗІКЕЕВА,
Қостанай облысының
Жітіқара ауданындағы
Степная орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ГРАММАТИКАСЫ ҚЫЗЫҚТЫ ТАМАҚ ТҮРЛЕРІ

(Жалғасы. Басы №6-санда)

Біздің тамақтың қандай түрін жейтініміз тұрған жерімізге байланысты. Мәселен, Қытайдың оңтүстігіндегілер күріш, ал солтүстігіндегілер кеспені жейді. Жапон елінде адамдар балық, ал теңізден қашық жатқан Орталық Еуропада ет тағамдарын молырақ пайдаланады.

Тамақты қалай, немен жеу де әр елде әр түрлі. Мысалы, Солтүстік Америкада, Австралия мен Еуропа пышақпен шанышқыны пайдаланса, Қытай, Жапон елдері қостаяқшамен, ал Үндістан және Таяу Шығыс елдеріндегі адамдар тамақты қолмен жейді.

Қазіргі кезде азық-түлікті жер шарының бір түкпірінен екінші түкпіріне тасымалдауға болады. Сондықтан тамақтың қай түрін жегің келсе, жыл мезгілінің қай уақытында пайдаланғың келсе, мүмкіндігің бар. Дегенмен, кедей елдерде адамдар ашығуда, ал бай елдерде адамдар тамақты көп жейді.

Адам баласы тамақ ішпей тұра алмайды. Деніңіз сау болу үшін жақсы тамақ ішу керек. «Ас – адамның арқауы» деп бекер айтпайды. Тамақ арқылы адам ағзалары белок, май, көмірсу, минералдық заттар, түрлі дәрумендермен қамтамасыз етіледі.

Осылардың ішінде белоктың алатын орыны ерекше. Ғылымда ақуызды протеин деп атайды. Ол «бірінші орын алушы» деген грек сөзі екен. Ақуызсыз өмір сүру мүмкін емес. Дененің барлық клеткалары осы ақуыздан тұрады. Сүт тағамдары, жұмыртқа түгелдей ақуызға бай. Қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішінде айран, қаймақ, ақ ірімшік, құрт, жент, қымыз, шұбат, т.б. ерекше бағаланады. Сауынды малы бар үй туралы «Ағы бардың бағы бар» деген.

Ал, енді, майға келсек, мұның түрі де көп: сары май, жылқының, сиырдың, қойдың, шошқаның майы. Өсімдіктен алынатын сұйық майлар: мақта, күнбағыс, зығыр, т.б. Орта Азия халықтарының көпшілігі, сонымен бірге қазақ халқы күнбағыс, мақта майын азық-түлікке көп пайдаланады.

Тамақтың үшінші бір бөлігі – көмірсулар. Олар қанттың, крахмалдың, картоптың, нанның, жеміс-жидектің, көкөністің құрамында көп болады. Тамақтың қай түрінде болмасын минералдық заттар бар.

Біздің әрқайсымызға тәулік сайын кем дегенде екі литр су керек, өйткені адам денесінің шамамен 2/3 бөлігі судан тұрады. Адамға күніне 100г ақуыз, 85 г май, 400 г көмірсу қажет екен.

Жаттығу. Ответьте на вопросы.

Біздің қандай тамақ түрін жейтініміз неге байланысты? Қытайда нені көбірек жейді? Жапон елінде

адамдар неге балықты көп жейді? Орталық Еуропада қандай тағамдарды молырақ пайдаланады? Тамақты немен жейді? Қазіргі кезде әр түрлі тамақты жеуге кімнің мүмкіндігі бар? Деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек? Тамақ арқылы адам ағзалары немен қамтамасыз етіледі? Неге ақуыздың алатын орыны ерекше? Ақуыз қай тағамдарда кездеседі? Орта Азия халықтарының көпшілігі қай майды көп пайдаланады? Көмірсулар ненің құрамында көп болады? Минералдық заттар тамақтың қай түрінде бар? Адамға тәулік сайын қанша литр су керек? Адамға күніне қанша грамм ақуыз, май және көмірсу қажет екен?

Жаттығу. Раскройте скобки и переведите.

(То, что мы едим) тұрған жерімізге байланысты. Мәселен, (те, кто живет на юге Китая) күріш, (а те, кто живет на севере Китая) кеспені жейді. Жапон елінде адамдар балық, (находящиеся далеко от моря в Центральной Европе) ет тағамдарын молырақ пайдаланады. (Как и чем принимать пищу) де әр елде әр түрлі. Қазіргі кезде азық-түлікті (из одной отдаленной части земного шара в другую) тасымалдауға болады. «Ас – адамның арқауы» (не зря говорят). (Чтобы быть здоровым) жақсы тамақ ішу керек. Сүт тағамдары, жұмыртқа (полностью состоят из белка).

Көмірсулар (в составе сахара, крахмала, картофеля, хлеба, фруктов, овощей) көп болады. Біздің әрқайсымызға (в сутки как минимум два литра воды) керек, өйткені адам денесінің (около 2/3 частей) судан тұрады.

Грамматика. Өткен шақ.

Өткен шақ (прошедшее время) показывает, что действие происходило незадолго до момента речи.

1. Жедел өткен шақ (недавно прошедшее время) образуется при помощи суффиксов -ды, -ді, -ты, -ті.

1.	Мақтады – м	Мақтады – қ
2.	Мақтады – ң	Мақтады – ңдар
ув.	Мақтады - ңыз	Мақтады – ңыздар
3.	Мақтады	Мақтады

Отрицательная форма: Мен мақта – ма – ды – м.

2. Ежелгі өткен шақ (давно прошедшее время) образуется при помощи суффиксов -п, -ып, -іп.

1.	Мен іш – іп – пің	Біз іш – іп – піз
2.	Сен іш – іп – сиң	Сендер іш – іп – сиңдер
ув.	Сіз іш – іп – сіз	Сіздер іш – іп – сіздер
3.	Ол іш – іп – ті	Олар іш – іп – ті.

Отрицательная форма: Сіз іш – пе – п – сіз.

3. Анық өткен шақ (достоверное прошедшее время) образуется при помощи суффиксов -ған, -ген, -қан, -кен.

1.	Ашқан – мын	Ашқан – быз
2.	Ашқан – сың	Ашқан – сыңдар
ув.	Ашқан – сыз	Ашқан - сыздар
3.	Ашқан	Ашқан

Отрицательная форма образуется со словом жоқ. Мен аш – қан жоқпын.

4.

1.	Мен ұш – атын - мын	Біз ұш – атын - быз
2.	Сен ұш – атын - сың	Сендер ұш – атын - сыңдар
ув.	Сіз ұш – атын - сыз	Сіздер ұш – атын - сыздар
3.	Ол ұш – атын	Олар ұш – атын

Отрицательная форма: Ол ұш – па – йтын.

Жаттығу. Спишите, вставляя суффиксы жедел өткен шақ.

Мен Астанаға бар...м. Әдемі, жас қаланы арала...м. Астана маған ұна... . Онда халықаралық конференцияға қатыс...м. Мен конференцияда сөйле...м. Қаладағы зәулім үйлерді көріп қуан...м. Қымызханаға кіріп қымыз іш...м.

Жаттығу. Проспрягайте глаголы (ежелгі өткен шақ).

1. Мен катыс... Біз катыс...

2. Сен катыс... Сендер катыс...

Сіз катыс... Сіздер катыс...

3. Ол катыс... Олар катыс...

Жаттығу. Спишите, вставляя суффиксы (анық өткен шақ).

Мен ол кітапты оқы... мын. Біз бірге бар...быз. Ол кеше кел... . Асан келетінін телефонмен айт... . Мен оны темір жол бекетінен тосып ал...мын.

ЕТТЕН ЖАСАЛҒАН ТАҒАМ

Ет бір жарым сағатта піседі. Ет қайнап жатқанда қамыр илейміз. Ол үшін еленген ұнға тұзды су, жұмыртқаны қосасыз да, илеп қоясыз. 30–40 минутта қамыр көтеріледі. Сол кезде оны оқтаумен жұқалап /1–1,5 мм жаясыз. Содан кейін 8 x 8 сантиметр мөлшерде кесу керек. Қамыр піскен соң, жайпақ табаққа түсіріп ет салады. Етті турап, үстіне тұздық құю керек. Тұздық пияз немесе көк жуа, тұз, қалқып алынған сорпадан дайындалады. Кейде картопты пісіріп табақтың үстіне қоюға болады.

БЕСБАРМАҚ.

Құрамы:	қой еті	- 750 г
	жылқы еті	- 1270 г.
	сиыр еті	- 1270 г
	пияз	- 1-2 түйір

ұсақтап кесілген көк жуа -	1 ас қасық
қара бұрыш	1 ШЫМШЫМ
ұн	- 375 г
су	- ½ кесе
жұмыртқа	1 дана
тұз	1 шай қасық..

Жаттығу. Переведите словосочетания.

Иленген ұн, қосылған сүт, араластырылған жұмыртқа, дайындалған тағам, қуырылған ет, пісірілген тұшпара, жасалған палау, тазаланған балық, кесілген ет.

Жаттығу. Поставьте данные глаголы в форме барыс септік.

Кесу –	құю –	алу –
Құрау –	жеу -	илеу –
Пісіру –	жасау –	қосу –
Ішу –	қуыру –	

Жаттығу. Ответьте на вопросы: Не істеуге болады?

Тауықты
қаймақты
ұнды
күрішті
тарыны
майды
қантты
сүтті
балықты

Используйте глаголы из предыдущего упражнения.

Жаттығу. Поставьте данные глаголы в форме табыс септік.

Кофе, ірімшік, макарон, бауырсақ, кәмпит, банан, самса, салат, тоқаш, бесбармақ, қазы, қарта, жал, жая, қуырдақ, шұбат, картоп, палау, күріш, қауын, асқабақ,

бұрыш, мәңгі, май, нан, қант, тұз, шемішке, жаңғақ, мейіз, қаймақ, печенье, торт, шоколад, балмұздақ, минералды су, сусын, қой еті, сиыр еті, тауық еті, алма шырыны, капуста салаты.

Грамматика. Үндестік заңы.

В казахском языке гармонию слогов и гармонию звуков называют үндестік заңы.

Мысалы: тас – қын, ел – ші.

В казахском языке слова произносятся либо твердо, либо мягко в зависимости от гласных.

Мысалы:

Твердое произношение: жаз, қыс, аспан, бұлт, ай, дауыл.

Мягкое произношение: күз, көктем, жер, сел, шілде.

Если последний слог слова имеет твердый гласный звук, то к нему присоединяется окончание с твердыми гласными, а если мягкий, то с мягкими гласными.

Мысалы: кітап – тар, Отан – ым, дәптер – лер, мереке – ге.

Жаттығу. Найдите и выпишите слова мягкими гласными.

Қараша, күміс, жаз, күз, гауһар, жер, ай, көктем, жұмыс, дәптер, айран, сүт, бұршақ, ақсақал, сөздік, жазушы, бақыт, мейіз.

Жаттығу. К словам прибавьте нужные окончания.

Алматы (-да, -де), Жезқазған (-да, -де), Өскемен (-да, -де), институт (-та, -те), Тараз (-да, -де), көктемде (-да, -де), қыс) -та, -те), төр (-да, -де), орман (-да, -де), Қанат (-та, -те), Мейрамбек (-та, -те).

Жаттығу. Прочитайте, постарайтесь понять, о чем речь.

Базарда.

- Сәбіздің килограммы қанша тұрады?

- Сәбіздің килограммы – 30 теңге. Егер де ұсағын алсаңыз 20 теңгеден беремін.

- Жарайды. Үш килограм өлшеңіз. Ал, пияз, картоп қаншадан?

- Пияз – 20 теңгеден, ал картоп – 25 теңгеден.

- Мына бал қай жақтан әкелінген?

- Бұл – Үржардың балы. 200 теңгеден.

- Тіпті, қымбат қой. Мүмкін, 150 теңгеден берерсіз?

- Бұл – жақсы бал. Мамыр айының балы. Егер алсаңыз, 180 теңгеден беремін.

- Жақсы, 2 килограм өлшеңіз. Қырыққабат қанша теңге тұрады?

- Қырыққабат 23 теңге тұрады.

- Сиыр еті қанша теңге тұрады?

- 300 теңге.

- Маған үш килограм өлшеңіз.

- Сізге ең жақсы жерінен бердім.

- Рахмет. Міне, 900 теңге алыңыз.

- Меңсұлу, қажетті азық-түліктің бәрін алдың ба?

- Бәрін алған сияқтымын. Ал асқабақты үйдің жанындағы көкөніс дүкенінен алармын.

- Дұрыс. Асқабақ ауыр ғой.

- Онда үйге қайтайық.

- Ал, Меңсұлу, үйге де жеттік. Сау бол.

- Сау бол, Галя. Ертең жұмыста кездесерміз.

Жаттығу. Переведите. Скажите, как можно приготовить салат.

1-деңгей. 1-нұсқа.

1. Дауысты дыбыстар неше, оның түрлерін ата.

2. Етістік, оның түрлері.

3. Жалғаудың түрлерін ата, мысал келтір.

2-деңгей.

1. Оқулық – фонетикалық талдау.

2. Синтаксистік талдау – Біздің сыныпта үлкен, тамаша, қызықты мереке болды. Талғат Бигелдинов жасынан ұшқыш болуды армандаған.

3. Сөз құрамына талда:

Жазбаларды, жоспарлап, соншалық, аударды, әңгімелесу, батырлық, жеңіс күні

3-деңгей.

«Қазақстандық батырлар» туралы эссе жазу.

1-деңгей. 2-нұсқа.

4. Дауыссыз дыбыстар неше, оның түрлерін ата.

5. Есімдік, оның түрлері.

6. Септіктер, бір мысал келтір.

2-деңгей.

4. Жеңіс – фонетикалық талдау.

5. Синтаксистік талдау – Соңғы күндер далада аяз болып жатыр. Қазақстандықтар үлкен соғысқа қатысты.

6. Сөз құрамына талда:

Шаруашылықтың, келген, келді, келеді, тексерген, адамдардың.

3-деңгей.

«Қазақстандық батырлар» туралы эссе жазу.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТҚАН ЕР ҚАНАТЫ – АТ

Сабақтың мақсаты: үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, тереңдету, оқушылардың білім деңгейін көтеру.

Міндеттері: **білімділік** – ұжымдық түрде білім алуға баулу. Модуль бойынша жаңа ережені меңгеру; **дамытушылық** – тіл мәдениетін дамыту, дұрыс, жүйелі жауап беруге, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – жануарларға деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Жануарлардың пайдасы туралы айтып, балаларды қорған, қамқор болуына тәрбиелеу.

Лексикалық тақырып.

Етістіктің жасалу жолын білу.

Жаңа сөздерді меңгеру.

Берілген тақырып бойынша сөйлесу.

Үй жануарлары туралы сөйлей білу.

Жануарлар әлеміне саяхат жасайық.

Төр-түліктің төлдері.

Жануарлардың қалай дыбыстайтынын тауып көрсет.

Түйе мияулайды.	Жылқы кісінейді.
Жылқы мөңірейді.	Түйе боздайды.
Қой үреді.	Сиыр мөңірейді.
Мысық боздайды.	Ит үреді.
Сиыр қытқыттайды.	Қой маңырайды.
Ит кісінейді.	Мысық мияулайды.

Ер қанаты – ат

Қазақ халқы жылқыны ерекше қадірлеген. Жылқының қымызы – шипалы сусын, еті – құнарлы ас, ал мінсе, пырақ деп бағалаған. Жылқының терісінен түрлі бұйымдар жасалады.

Қазақ халқы өзінің ата-баба жерін сақтап қалу үшін ат үстінде көп шайқасқан. Сондай жаугершілік заманда елді қорғаушы ерлерге зор пайдасы тиген. Сондықтан қазақ жылқыны «ер қанаты» деп жанындай жақсы көреді.

Жылқы – төзімді мал. Қазақстанның көп жерлерінде жылқы қыс бойы далада жайылады. Ол қасқырдан да қорғана біледі. Айғырлар қасқырды тістеп, теуіп, маңайына жолатпайды. Олар өз үйірінен қасқырға бірде-бір жылқы бермейді.

Жылқы малына қатысты ұлттық ойындар:

- Қыз куу;
- Көкпар;
- Күміс алу;
- Бәйге;
- Аударыспақ;
- Бұғалық тастау.

Сөздік жұмысы:

Шипалы – лечебный;

Төзімді – выносливый;

Құнарлы – питательный;
Пырақ – крылатый аргамақ;
Үйір – табун.

Төрт түліктің бірі

Киелі, төзімді.
Малдың патшасы.

Мінсе – көлік,
ішсе – сусын:
ҚЫМЫЗ

Пірі – Қамбар Ата

ЖЫЛҚЫ

Жесе – ет:

қазы, қарта, шұжық,
жая.

Қылынан арқан,
қылқалам жасайды.

Терісінен былғары
өндіріледі.

Сұрақтар:

- 1) Қазақ халқы қай жануарды ерекше қадірлейді?
- 2) Жылқы малын қандай деп бағалаған?
- 3) Жаугершілік заманда аттың қандай пайдасы тиген?
- 4) Қыста олар қасқырдан қалай қорғанды?

Жылқы малына байланысты қазақ халқында көптеген мақал-мәтелдер, қанатты сөздер бар.

- 1) Ат сүрінбей жер танымас.
- 2) Ат тұяғын тай басар.
- 3) Атың барда жер таны желіп жүріп,
Асың барда ел таны беріп жүріп.
- 4) Ат – құлыннан, батыр – баладан.
- 5) Жақсы ат – жанға серік .
- 6) Ат өнері білінбес бәйгеге түсіп жарыспай.
- 7) Жылқының үсті – жел, сүті – ем.

8) Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.

Үй жануарлары ішінен қазақтар түйені де қасиетті санаған.

Қазақтың көшпелі өмірінде түйенің орыны ерекше болған. Түйе – бота, тайлақ, бура, буыршын, нар, атан, үлкен түйе болып өседі.

Түйе 3 түрге бөлінеді:

- 1) Бір өркештісі – нар;
- 2) Екі өркештісі – айыр түйе;
- 3) Бір өркешті мен айыр түйе арасынан – қоспақ түйе туады.

Түйенің атасы – Ойсыл қара. Түйені көп соя бермеген. Меккеге қажылыққа жүрерде, тасаттық бергенде, ханды таққа отырғызғанда сойған. «Ақ түйенің қарыны жарылғанда» деген мәтел осындай мерекені көрсетеді. Қазақтар түйені ешуақытта ұрмаған, теппеген, жүнін қасиетті санап, жамандықты қуады деген. Оның емдік қасиеті де бар, белі ауырғанда беліне ораған.

Түйе туралы мынадай аңыз бар:

Ертеде 13 аң жылды бөлісуге келіпті. «Кім Күннің шыққанын бұрын көрсе, сол жыл басы болсын», – дейді түйе. Бойым ұзын мен бұрын көрмегенде кім көрер? деп түйе сенімді болады. Таң ата бергенде қу тышқан аңқау түйенің үстіне өрмелеп, басына шығып, Күннің шыққанын бәрінен бұрын көреді. Жыл басының тышқан деп аталуы – осыдан. Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалған.

Қазақтар түйені әулие санап, балаларын Бота, Ботакөз, Ақбота, Нарбота, Нартайлақ, Бурабай есімдерін қойған.

Сұрақтар:

- 1) Түйенің неше түрі бар?
- 2) Түйенің қандай қасиеті бар деп санаған?

- 3) Жылды бөлісуге келгенде қандай жануар құр қалған?
4) Осыған байланысты қандай мақал бар?
5) Түйені әулие санап, балаларына қандай есімдер берген?

Грамматикалық тақырып:

Етістік дегеніміз не?

Заттың қимылын, ісін, күй-жайын білдіретін сөз табы етістік деп аталады.

Етістік сөйлемде көбінесе баяндауыш болады.

А) 14-блок.

Етістік (глагол)

[Заттың, құбылыстың қимылын білдіреді]

НЕ ІСТЕДІ?

- Т.қ: 1) негізгі (непроизводная)

Түбір етістіктен болады.

Кел, жүр, ал

- 2) туынды (производная)

Басқа сөз таптарына жұрнақ жалғанады.

Ойла, ақылдас, қыста.

- Қ.қ: 1) дара (простая форма)

Жаз, ойна

- күрделі (сложная форма)

Барып кел

- М.қ. 1) негізгі (основной глагол)

Ал, сөйле

- 2) Көмекші (вспомогательный)

Сөйлей алады, дем алу

Объектіге қатысына қарай:

- салт (непереходные)

Табыс септікпен байланыспайтын етістік

- Мал далада жайылып жүр.

сабақты (переходные глаголы)

табыс септікте тұрған сөзбен байланысты етістік.

Жылқыға шөбін сал

• Іс-әрекеттің орындалуына қарай:

1) болымды (положительные)

Бар, оқы

2) болымсыз (отрицательные)

Барма, оқыма

-ма, -ба, -па

-ме, -бе, -пе жұрнақтары жалғанады.

Болымсыз етістікті белгіле:

Әзір ас жоқ дүниеде.

Сабақ өзі оқылмайды,

Шарбақ өзі тоқылмайды.

Көйлек өзі жуылмайды,

Белбеу өзі буылмайды.

Үйлер өзі салынбайды,

Кендер өзі табылмайды,

Кітап өзі жазылмайды,

Барлық істің батыры – біз,

Екі қол мен ақылымыз!

Тұйық етістік.

Тұйық етістік қимылдың атын білдіреді.

Тұйық етістік **у, ю** жұрнақтары арқылы жасалады.

кел + у, жаз + у

Тұйық етістік сөйлемде зат есімге айналуы мүмкін:

Ә) тапсырма тұйық етістік жұрнақ жалғағанда соңғы

дыбысы өзгеріске ұшырайтын сөзді көрсетіндер:

кел теп айт жүр

Ә) **Бастау** деген сөзді септеу.

Бастау – начинать.	Бастау – начало.
Оқу – читать.	Оқу – чтение.

<i>Қолдау – зашицать.</i>	<i>Қолдау – защита.</i>
<i>Бақылау-контролировать.</i>	<i>Бақылау – контроль.</i>
<i>Жалғау – добавитъ.</i>	<i>Жалғау – окончание.</i>

Үйге тапсырма: *Шопан* сөзіне морфологиялық талдау жасау. Диалог құрастыру. *Қой, сиыр* туралы кластер жасау.



Гүлнәр СМАҒҰЛОВА,
 Павлодар облысының
 Павлодар ауданындағы
 «Шақат» орта мектебінің
 қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

СИНОНИМ. АНТОНИМ. ОМОНИМ

(5-сынып)

Мақсаты: оқушыларға тақырып бойынша жаңа білім беру.

Міндеттері: білімділік – жаңа сабақты игерту. Синоним, антоним, омоним туралы түсінік беру; дамытушылық – мәнерлеп, түсініп оқу, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыта отырып сөздік қорын байыту, оқушылардың дүниетанымын кеңейту; тәрбиелік – қазақ халқының әдет-ғұрыпына қызығушылықтарын

арттыру, білімге талпынуға баулу, тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Формасы:** жаңа анықтама берілетін сабақ. **Типі:** жаңа білім беретін сабақ.

Әдіс-тәсілі: коммуникативтік (қарым-қатынастық), мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, ойын, өлең оқу, кестемен жұмыс, түсіндіру, тапсырмалар, тест. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тест сұрақтары, оқулық, кестелер.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1.1. Сәлемдесу, кезекшімен сұхбат арқылы оқушылардың сабаққа қатысуын, әзірліктерін тексеру.

1.2. Тілдік ортаға кіру.

Слайд:

Сәлем, саған мектебім!

Алтын ұям, армысың!

Көңілімде көп менің

Саған айтар алғысым!

- Қалай ойлайсындар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай?

- Алдымызға қандай мақсаттар қоямыз?

Слайд: Лексикалық тақырып: Мектеп.

Грамматикалық тақырып: Синоним. Антоним.

Омоним.

Жаңа модуль бастаймыз: Менің мектебім.

Слайд:

Қандай тақырыптармен танысамыз?	
Мектеп.	Мектептегі ән-күй, театр үйірмесі.
Мен кезекшімін.	Мектеп кештері.
Мектеп кабинеттері.	Қазақ тілі сабағында не үйрендік?

Біздің мұғалім.	Жаттығу жазамыз, өлеңді жаттаймыз.
Еңбек кабинетінде.	Қазақша сөйлейміз.
Мектеп спортзалы.	Мектеп – біздің анамыз.
Менің сыныптастарым.	Ұқыпты оқушы боламыз.

II. Жаңа сабақ.

1) Слайд. Сурет бойынша әңгімелесу.

Мұғалімнің сөзі:

- Ерте кездерде мектеп болмаған. Әр отбасы баласы

7 жасқа толған соң медресеге оқуға берген.

(Балалар Абай, Ыбырай, Мағжан туралы оқығандарын еске түсіреді).

Мектепке бару бала өміріндегі елеулі оқиға, есте қаларлық елеулі кезең болып табылады. Осы күні балаға жаңа киім кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұны дәстүрлі «тілашар» тойы деп атайды. Үлкен-кішілер балаға «азамат бол, ғалым бол, ақын бол» деген сияқты тілек білдіріп, бата береді. Жаңа киіміне байғазы ұсынады. Бұл тәрбиеден бала өскендігінің белгісін сезінеді, оқуға құмарлығы артады. Жақын-жуық адамдар баланың ата-анасына құтты болсын айтып, балаға сәт-сапар тілейді. Тілашар тойына арнап шашу шашады.

Слайд:

Таудай болсын талабың,
Ашылсын тілің, қарағым.

Оқу сіңіп санаң,
Жарқырай берсін қабағың.

Мақтанышы бола біл
Ата менен ананың!

- Оқушылармен тілекті мәнерлеп оқимыз.

2) Слайд: **Жаңа сөздікпен танысу:**

ұғым – понятие;

мәңгі – вечно;

белсенді – активный;

сауатты – грамотный, образованный;

мәдениетті – культурный;

міндет – обязанность.

3) **«Шеңбер бойымен әңгімелеу»** оқыта-үйрету ойыны.

(Мәтінмен жұмыс).

1. Сағат тілінің бағытымен әрқайсысы мәтіннің бір сөйлемін оқиды.

2. Жауаптарда берілген қателерді дұрыстаймыз, әңгімені толықтырамыз.

3. Ең белсенді оқушыны анықтаймыз, жеңімпазды құттықтаймыз.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы, сөйлемдерге сұрақ қой.

Мектеп

«Мектеп» деген сөз араб тілінен шыққан. «Оқу орыны» деген ұғымды білдіреді. Алғаш оқуға барған күндерің мәңгі естеріңде қалады.

Алғашқы қоңырау соғылды. Мектеп директоры, ата-аналар құттықтап, жақсы тілектер айтты.

Мектепте «Оқушыларға арналған ереже» бар: жақсы оқу, үлгілі болу, іс-шараға белсене қатысу. Осы ережені орындасаң, келешекте сауатты, білімді, мәдениетті боласың.

Міне, бұл – мектептің ең басты міндеті.

1) Слайд. *Синоним.*

Тақтада:

Қандай?

Әдемі, сұлу, көрікті.

Кәрі (адам), қарт (адам)

2) Слайд. *Антоним.*

Тақтада:

Үлкен –

Биік – ...

Суық –

3) Слайд. *Омоним.*

Тақтада:

Қара – ... (суретке қара, тақтаға қара).

... (Қара қарындаш).

Бас – ... (адамның басы). ... (Аяқпен бас).

Шаш – ... (адамның шашы). ... (Тауықтарға жем
шаш).

III. Сабақты бекіту.

Оқулықпен жұмыс: Ережені оқу.

3-тапсырма. «Мектеп». Өлеңді мәнерлеп оқу.

IV. Сабақты қорытындылау.

Тест «Мозговая атака» - «Миға шабуыл».

1. «Мектеп» деген сөз қай тілден шыққан?

а) орыс;

ә) парсы;

б) араб.

2. «Мектеп» деген сөз қандай ұғымды білдіреді?

- а) сабақ;
- ә) оқу орыны;
- б) оқушы.

3. Бала мектепке барғанда ата-анасы қандай той жасаған:

- а) «Тұсау кесу»;
- ә) «Тілашар»;
- б) «Үйлену тойы».

4. Әдеміге қай сөз синоним?

- а) үлкен;
- ә) сұлу;
- б) қара.

5. Қай сөз **ОМОНИМ** бола алады:

- а) жаз;
- ә) сөйле;
- б) жүр.

6. *Алысқа* қай сөз антоним?

- а) қалың;
- ә) жақын;
- б) биік.

Бағалау өлшемдері:

«5» 6 дұрыс жауап, «4» – 4-5, «3» – 3, «2» – 1-2.

Тест жұмысын әр оқушы өзі бағалайды.

V. Мұғалім баға қойып, үй тапсырмасын түсіндіреді.

3-тапсырма. Өлеңді жаттау.

4-тапсырма. Кесте бойынша «Мектеп» тақырыбына әңгіме құрау.

Айман АХМЕТОВА,
Жоғары техникалық мектептің
қазақ тілі пәнінің оқытушысы.
Ақмола облысы,
Шортанды қаласы.

КЕН ІСІ ЖӘНЕ ОРЫНЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ

Жеке адамның біліміне көп көңіл бөлінеді. Білуге, білімге ұмтылу – жақсы қасиет. Сондықтан, қазіргі заманғы өндіріс саласы әрбір азаматтан, жас мамандардан жалпы, техникалық, компьютерлік білімді ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар арнаулы кәсіби мамандықты, икемділікті қажет етеді. Кәсіптік білім жеке тұлғаның, яғни, әр адамның жан-жақты дамуының қажеттілігі болып саналады.

Кәсіптік білім беру дегеніміз – білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Осыған орай Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – білім қоғамы жолында» деген лекциясында кәсіптік білімге көп назар аударылады да, бизнес мектебі, тау-кен мектебі, саясат мектебі, медициналық мектебі деген салалар белгіленіп көзделеді. Қоғам қазіргі уақытта жастарға, жас мамандарға бұрынғыдан да жоғары талаптар қояды. Сонымен қатар, еңбек нарығында бәсекеге түсу үшін жас мамандар бірнеше тіл білуге, бірнеше мамандық иелері болуға тиіс.

Мысалы, қазақ тілі оқытушылары кәсіптік қазақ тілі пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды әзірлеу кезеңінде, арнайы пәндерге сүйене отырып, арнайы пәндер оқытушыларымен бірлесіп оқу жоспарларын құрастырады. Бұл сабақ барысында студенттердің мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыра отырып, лексикалық минимумды, термин сөздерді тез меңгеруге мүмкіндік туғызады. Студенттер арнайы пәндерден алған білімдеріне жүйелеу, салыстыру жұмыстары арқылы қорытынды жасап, қазақ тілінде айтуға тырысады. Соның нәтижесінде кәсіптік қазақ тілі сабағында студенттер арнайы пәндерден алған білімдерін ортаға салып, сабаққа деген белсенділігін көрсетеді. Осы орайда оқытушы- үйлестіруші рөлін атқара отырып, толық мақсатына жете алады.

Құрметті әріптестер! Тау-кен ісі мамандығына арналған кәсіптік қазақ тілі пәнінен тәжірибемен бөлісіп, Сіздерге оқу сабағының әзірлемесін үлгі ретінде ұсынғым келеді.

Сабақтың тақырыбы: Кен ісі және орынындағы лексикалық минимум.

Мақсаты: мамандық бойынша лексикалық минимумды меңгеру, сөздік қорын молайту.

Міндеттері: білімділік – студенттердің өздігінен арнайы пәндерден алған білімдерін қазақ тілінде айтуға итермелеу, оқу барысында алған жаңалықтарын қазақша жеткізуге үйрету; дамытушылық – студенттердің шығармашылық қабілеттерін, тақырыпқа қатысты ой-өрістерін дамыту; тәрбиелік – студенттердің мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыра отырып, елге сүйіспеншілік білдіріп, келешекте бәсекеге

қабілетті маман, өз ісінің шебері болуына тәрбиелеу.

Түрі: аралас.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік әдістері, сөйлеу, әңгімелесу әдісі, суретпен жұмыс.

Сабақта қолданылатын техникалық оқу құралдары: мультимедиа проектор (бейнематериал), презентация, үлестірмелі қағаздар.

Жұмыстың түрлері: жеке, топтық, деңгейлік, ұжымдық.

Пәнаралық байланыс: кен ісі, орыс тілі, география.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Кәсіптік қазақ тілі сабағында қойылған мақсаттарды анықтау. Тіл дамыту мақсатында екеуара әңгіме жүргізу.

II. Үй тапсырмасы. «Мамандығым – мақсатым» тақырыбы бойынша өткен сабақта алған білімдерін сұрақтар арқылы тексеру:

1. а) Мамандығыңыз қандай?

ә) Мамандығыңыз қай салаға жатады?

б) Жақсы маман болу үшін не істеу керек?

в) Теориялық алған біліміңізді қайда шыңдайсыз?

г) Оқу және өндірістік іс-тәжірибесі қайда өтеді?

д) Жалпы неше жыл оқисыз?

е) Сіздің пікіріңіз бойынша жас маман қандай болу керек?

Берілген сұрақтарға сүйеніп, мамандық туралы қосымша мәлімет қоса отырып, ауызша ақпарат беру (2 оқушы).

2. Сурет бойынша әңгімелеу.

Тірек сөздер:

Теориялық білім – теоретические знания, токарлық цех;

ұштау – вытачивать;

өндіріс – производство;

қызмет көрсету – обслуживать;

құрал-жабдықтар – оборудование;

дәнекерлеу жұмыстары – сварочные работы;

практикада қолдану – применять на практике;

шебер – мастер;

қауіпсіздік техника ережелері – правила техники безопасности;

қол қою – поставить подпись;

бұрама – болт (2 оқушы).

3. Деңгейлік жұмыс. Орыс тілінен қазақ тіліне аудару.

Наше время отмечено глубокими преобразованиями во всех сферах жизни людей – материальном производстве, общественных отношениях, духовной культуре. Хорошо развивается экономика, реализуются комплексные социально-экономические программы. И это требует разносторонней теоретической и практической подготовки кадров. Только хорошо подготовленный специалист способен решать сложные творческие задачи. Сейчас к подбору специалистов уделяется большое внимание. Такая форма оценки качества умений и навыков значительно улучшает обучение учащихся (1 оқушы).

4. Грамматиканы қайталау. Сөз – сөзтіркес – сөйлем – әңгіме құрастыру. Білім, маман, өндіріс, уақыт, сала сөздерін қолданып, сұлба бойынша жұмыс жасау (5оқушы).

5. Әр оқушы өз мәліметтерін үйден жаттап келген өлеңмен жалғастырады.

Терең ойлы ғалымды,

Ақындарды жалынды

Баурады ұстаз біліммен,

Мақсаты – шәкірт дарынды.

Болса кімнің талабы

Өмірден жол табады.

Мақсатына лайық

Мамандығын алады.

6. Үйге берілген жазба жұмысты тексеру (Тапсырма – ойды жалғастыру). Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өзісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана бақытты болады. Ал жүрегі қаламаған мамандық иелері көп қиындықтарға кездеседі. Менің мамандығым..... (2 оқушының жазба жұмыстарын оқиды)

III. Жаңа сабақ.

Мамандықты таңдау – өз тағдырыңды таңдау.

А) Кен ісі. Кен орыны. *Мультимедиа проектор арқылы тақырып бойынша шолу жасау.*

Бейнематериал. Студенттер арнайы пәндерден алған білімдерін ортаға салып, қысқа да нұсқа тәсілімен ауызша мәлімет береді.

Ә) Жаңа сөздер меңгеру.

Қазақ тіліндегі тән дыбыстардың дұрыс айтылуына назар аудару.

Жер қойнауы – недра земли;

барлау жұмыстары – разведовательные работы;

пайдалы қазбалар (қазылымдар) – полезные ископаемые;

құрамы – состав;

сапа – качество;

кен ісі – горное дело;

кен орыны – месторождения;

жер қыртысы – кора земли;
өнеркәсіп – промышленность;
көлемі – объем;
зерттеуші – исследователь;
жер асты жұмыстары – подземные работы;
жер үсті жұмыстары – надземные работы;
жер беті – поверхность земли;
құрылыстар – строения;
түсті, қара, сирек металдар – цветные, черные,
редкие металлы;
шикізат – сырьё;
минералдық заттардың шоғыры – залежи
минеральных веществ;
жүйе – система;
темір – железо;
мырыш – цинк;
қорғасын – свинец;
мұнай – нефть.

Б) Мәтінмен жұмыс. Мәтінмен жұмыстың негізгі міндеттері.

Қазақ тіліндегі тән дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің элементтерін қолдану - оқылым - айтылым - тыңдалым - жазылым - тілдесім - көрсетілім.

Тау-кен ісі – ғылым мен техниканың жер қойнауын игеру, пайдалы қазылымдар өндіру жұмыстарын қамтитын саласы. Ол жер қыртысына техногендік әсер етудің барлық түрін қамтиды. Тау-кен ісі негізінен жер қойнауындағы пайдалы қазбаларға барлау жүргізу, құрамы мен сапасын анықтау, тау-кен технологиясы саласында ғылыми-зерттеуші жұмыстарын жүргізумен айналысады.

Содан кейін ғана кен қазу үшін дайындық жұмыстары (кенді ашу, дайындық қазбалар жасау, жер астылық және жер үстілік қажетті құрылыстар тұрғызу, т.б.) орындалып, кен белгіленген жүйемен қазыла бастайды.

Тау-кен ісі адамзат қоғамы пайда болуымен байланысты тым көне заманнан басталды. 1920-80 жылдары Қазақстанда кен өндіру өнеркәсіп орындары қарқынды дамыды. Осы жылдарда барлау жұмыстарының көлемі ұлғайып, түсті және қара металдар, тау-кен химиялық шикізаттар, көмір мен мұнай, алтын және сирек металдар, хром, т.б. пайдалы қазылымдардың жаңа кен орындары ашылды. Ал қазіргі уақытта пайдалы қазылымдарды өндіру біртіндеп қалпына келтіріліп, мұнай өндіру қарқында өсуде. Пайдалы қазылымдар өнеркәсіптің, тасымал көліктің, ауыл шаруашылығының, құрылыстың шикізаты болып саналады. Тау-кен ісі – дүниежүзілік экономикада өнеркәсіп өндірісінің ең маңызды салаларының бірі.

Кен орыны, кен байлықтары – мөлшері мен сапасы жағынан өндірістік игеруге тиімді жер бетіндегі немесе қойнауындағы минералдық заттардың шоғыры. Халық шаруашылығында пайдалануына қарай Кен байлықтары негізгі 3 топқа бөлінеді: металдық кендер (металлургияда шикізат ретінде қолданылатын темір, марганец, қорғасын, мырыш, т.б. кентастар), бейметалдық кендер (керамика, силикат, құрылыс материалдары, слюда, асбест, графит, тұз кентастары, т.б.), жанғыш кендер (мұнай, тас көмір, газ). Қазақстандағы Кен орындарын іздеу мен ашу, оларды барлау жұмыстарымен айналысқан ғалымдар – Қ.Сәтбаев, Г.Щерба, А.Қайыпов және т.б.

В) Мәтінге қатысты тапсырмалар.

1. Жұптық жұмыс. Мәтінді бөліп, мәтін бөліктерін студенттерге тарату.

2. Алдын ала бөлінген мәтін бөліктерін оқып, аударып, түсініп, жинап, проекторге шығарған мәтіннің түпнұсқасымен салыстыру.

3. Мәтін бойынша сұрақтар әзірлеу (кластер жасау).

4. Мәтінге жоспар құру.

5. Кәсіби сөздерді табу, олармен грамматикалық жұмыс жасау (етістіктердің жақтарын, шақтарын анықтау, жалқы, жалпы зат есімдерді табу).

6. Мәтінді өз сөзімен айтып беру.

7. Мәтінге қатысты ситуация (жағдаят) құру (I жақта).

IV. Тіл дамыту кезеңі. Өлең сайысы. «Ең үздік аударма». Тапсырма: өлеңді қазақ тіліне аударып, мәнерлеп оқу. 2 минут.

У меня растут года,

Будет мне семнадцать.

Где работать мне тогда,

Чем заниматься?

V. Искерлік ойын.

Искерлік ойындар – үйрету, жаттықтыру, көңіл көтеру мақсаттарын көздейді. Берілген ойын студенттердің лексикалық минимумын толықтыра отырып, сөз-сөзтіркес- сөйлем құрастыруға бағыт береді. Сызбаны үлгі бойынша толтыру (қадамдар- I әріптен).

VI. Бекіту сұрақтары.

Мен кен ісі туралы не білемін? Не білдім? Не білгім келеді? Кеншінің қызметі? Кен орындары дегеніміз не? Пайдалы қазылымдардың түрлері? Қазақстан Республикасының кен орындарын ата? Кен байлықтары неше топқа бөлінеді? Кен орындарын іздеп ашқан, барлау жұмыстарымен айналысқан белгілі ғалымдарды атаңыз.

VII. Үйге тапсырма:

- 1. Тақырып бойынша қосымша мәлімет табу;*
- 2. Жазба жұмыс. Берілген мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аудару. Шығармашылық сұрақтарға жауап беру.*

Профессия – это основное занятие человека, его трудовая деятельность. Сколько профессий существует на земле? В связи с чем одни профессии исчезают, а другие существуют веками? Перечислить все профессии и специальности человека невозможно. Но можно ли привести цифры? Ни одна профессия не может существовать изолированно от других. Многие связаны между собой и помогают друг другу. Например, врач. Ему помогают фармацевт, швея, химик и другие. Сравните труд горного механика на производстве с трудом учителя, повара. Сделайте вывод. Труд бывает физический и умственный. Каким видом труда занимаетесь вы?

VII. Бағалау.

Жайнагүл ЖҰМАБАЕВА,
Павлодар облысының
Ақсу қаласындағы
№7 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ МЕН КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты: білімділік – Қазақстан жеріндегі ортағасырлық қалалар мен қазіргі кездегі қалалар туралы білімдерін жетілдіру; күрделі сөздерді қайталай отырып, кіріккен сөздер туралы түсінік беру; **дамытушылық** – жаңа сөздерді меңгеру, мәтінмен жұмыс істеу арқылы сөздік қорларын, сөйлеу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – елі, жері туралы білуге деген қызығушылықтарын арттырып, отансүйгіштікке баулу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, сұрақ-жауап, топтық және жеке жұмыстар, іздендіру, пікір алмасу, талдау, дәлелдеу, «түртіп алу», көрнекілік.

Көрнекілігі: интерактивтік тақта, слайдтар, сызбалар, кеспе қағаздар.

Сабақтың барысы:

I. Мотивациялық кезең.

1. Ұйымдастыру. Балаларды түгелдеу. Дәптерлерін дайындау.

2. Ойтолғау:

Оқушылар жұмбақты тыңдап, шешуін табады:

Аты оның екі-үш заттан құралады,

Ұят қой білмегенің бұл қаланы!

Ол берген көмірменен, жылуменен

Сан қала, өндірістер нұрланады.

(Екібастұз)

- Екібастұз сөзі туралы не айта аласыңдар?

Бұл қандай сөз? (күрделі сөз, біріккен сөз).

3. Сабақтың тақырыбын анықтау:

- Ендеше бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болуы мүмкін?

(Қазақстан қалалары мен күрделі сөздер) **1-слайд.**

4. Сабақтың мақсаттарын қою.

- Алдарындағы оқушының жеке тұлғалық бағытының (ОЖТБ) жоспарына фамилияларыңды жазып, сол бойынша сабақтың мақсаттарын қойыңдар («Теория» бөлімінен білетіндерін «+», білмейтіндерін «-» белгілерімен белгілеп, сабақтың мақсатын қояды).

2-слайд.

Оқушының жеке тұлғалық бағытының жоспары.

Тақырып	Теория	III деңг. тапсырма	II деңг. тапсырма	I деңг. тапс.	Рефл.
<p style="text-align: center;">Қазақстан қалалары. Күрделі сөздер.</p>	<p>Білу: - орта ғасырдағы қалалар; - қазіргі кездегі қалалар.</p> <p>Күрделі сөздер: - біріккен сөз; - <i>кіріккен сөз</i>; - қос сөз; - қысқарған сөз; - тіркескен сөз.</p> <p>Орындай алу: - тақырып бойынша сөйлесу; - күрделі сөздерді ажырата алу.</p> <p>Тест.</p> <p>Кілт бойынша тексер, бағала.</p>	<p>1. Мәтінді тыңда, түсініксіз сөздерді белгіле (<i>сөздікті оқы, есіңе сақта</i>).</p> <p>2. Мәтіннен күрделі сөздерді теріп жазыңдар (<i>топпен</i>). (Әр топ жауабын оқиды).</p> <p>3. Мәтінді түсініп оқы.</p> <p>4. Мәтінге 1-2 сұрақ қойып, топта бір-біріңнің сұрақтарыңа жауап беріңдер.</p> <p>5. Бір топ екінші топқа сұрақ қойып, өзара сөйлесіңдер. Бағалау өлшемі бойынша бағала.</p>	<p>1. Күрделі сөздер сызбасын құр. (<i>оқулыққа қара 88-89 беттер</i>)</p> <p>Кіріккен сөз деген не? Топ өз жауабын дәлелдесін.</p> <p>2. Берілген сөздердің ішінен кіріккен сөздерді теріп жаз (жеке).</p> <p>Кілт бойынша тексер, бағала.</p>	<p>Қала аттарын, кіріккен сөздерді қолданып сөйлемдер құрастырып жазыңдар (<i>топпен, жауаптары оқылады</i>).</p> <p>Бір топ екінші топтың жұмысын бағалайды.</p>	<p>Теория» бөліміне орал, қорытынды жаса.</p> <p>2. Білімдерін тексеру.</p> <p>Тест.</p> <p>Кілт бойынша тексеру.</p>

Бағалау.					
Үйге тапсырма.		90-б. 4-тапсырма.	89-б. 3-тапсырма.	Шағын шығарма.	

- Нені бұрыннан білесіңдер, ал немен бүгін танысасыңдар?

5. Тест (3-слайд).

Бұрыннан білетін «Күрделі сөздер» тақырыбынан білімдерін тексеру:

1. Күрделі сөзді көрсет:

- А) ел; ә) ақылды;
 б) ата-ана; в) айтты;
 г) Астана.

2. Біріккен сөзді көрсет:

- А) жолбарыс; ә) жүз он бес;
 б) ПМПИ; в) қып-қызыл;
 г) тарихи.

3. Тіркескен сөзді көрсет:

- А) жолбарыс; ә) жүз он бес;
 б) ПМПИ; в) қып-қызыл;
 г) тарихи.

4. Қысқарған сөзді көрсет:

- А) жолбарыс; ә) жүз он бес;
 б) ПМПИ; в) қып-қызыл;
 г) тарихи.

5. Қос сөзді көрсет:

- А) жолбарыс; ә) жүз он бес;
 б) ПМПИ; в) қып-қызыл;
 г) тарихи.

II. Операциялық кезең.

ОЖТБ жоспары бойынша III деңгейлік тапсырманы орындау.

1. Мәтінмен жұмыс (4-слайд)

Қазақстан қалалары

VI-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің орталығына айналды. Орта ғасырда Қазақстан өзінің Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалары арқылы Еуропа және Азия елдерімен байланыста болды. Сол кездегі еліміздің ірі қалалары Исфиджаб, Сайрам, Отырар, Сығанақ, Тараз және тағы да басқалар.

Қазір біздің елімізде қалалар өте көп. Қазақстанда Астана, Алматы, Тараз, Теміртау, Орал, Қызылорда, Талдықорған, Ақтау, Көкшетау сияқты ірі қалалар бар. Халқының саны бір миллионнан асатын қалалар Қазақстанда екеу, олар: Алматы және Шымкент.

Қалалар қазіргі заман талаптарына сай үнемі дамып, өзгеріп отырады. Сонымен қатар олардың тарихи дәстүрлері сақталады. Біз өз қалаларымыздың өткен тарихын, мәдениетін білуіміз керек.

Сөздік:

қазіргі заман талаптарына сай – в соответствии с современным требованиям;

үнемі – постоянно;

ғасыр – век;

қолөнер – рукоделие;

өзгеру – изменяться.

- Мәтінді тыңдап, түсініксіз сөздерді белгілеңдер.

2. Сөздік жұмыс.

- Қандай сөздерді түсінбедіңдер? Қандай жаңа сөздер кездесті?

- Мәтін не туралы? Біздің жерімізде қандай қалалар болған екен?

- Мәтінде күрделі сөздер бар ма?

3. Күрделі сөздерді табу.

- Мәтінді қайталап оқып, күрделі сөздерді теріп жазыңдар (топтағы жұмыс).

- Әр топтың жауаптарын тыңдап, салыстыру, тексеру.

4. Мәтіннің мазмұны бойынша топтағы жұмыс.

- Оқу (әр оқушы).

- Бір-біріне сұрақ қойып сөйлесу.


- Бір топ екінші топқа сұрақ қойып сөйлесу.

ОЖТБ жоспары бойынша III деңгейлік тапсырманың орындалуын бағалау (5-слайд).

Қатысып, тапсырмаларды толық орындады	5
Қатысты, тапсырмаларды жартылай орындады	4
Қатысты, тапсырмаларды орындай алмады	3

ОЖТБ жоспары бойынша II деңгейлік тапсырманы орындау.

1. Топта кіріккен сөздердің ережесімен (оқулықтың 88-89-б.б.) танысып, күрделі сөздердің сызбасын құрып, тақта алдында жауаптарыңды дәлелдеңдер (ереже).



2. 6-слайд. Екібастұз, биыл, ешкім, көзбе-көз, бүгін, екі мың, әпер, елбасы, жаздыгүні, жазып отыр, тасбақа, күздігүні, әкел, атамекен.

- Берілген сөздердің ішінен тек қана кіріккен сөздерді теріп жазыңдар (әр оқушы жеке).

- Кілт бойынша тексеріп, бағаландар (**7-слайд**).

Биыл, бүгін, әпер, әкел, жаздыгүні, күздігүні.

ОЖТБ жоспары бойынша I деңгейлік тапсырманы орындау.

1. Қала аттарын, кіріккен сөздерді қолданып, 2 сөйлем құрап жазу (жеке).

- Сөйлемдеріңді бір-біріңе оқып, тексеріңдер.

2. Әр топ өз сөйлемдерін оқиды, басқа топ балалары баға береді.

III. Қорытынды кезең.

1. Рефлексия. Әр оқушы өз ОЖТБ жоспары бойынша қорытынды жасайды («-» білмегенін білсе, «+» белгісіне түзетеді)

- Не білдің? Не істеп үйрендің? Сабақ мақсаттарына жеттік пе?

2. Білімдерін тексеру. Тест (8-слайд).

1. Орта ғасыр қалалары:

А) Орал, Отырар;

ә) Тараз, Теміртау;

б) Алматы, Шымкент.

в) Көкшетау, Қызылорда;

г) Сығанақ, Тараз.

2. Біріккен сөзден тұратын қала аттары:

А) Орал, Отырар;

ә) Тараз, Теміртау;

- б) Алматы, Шымкент;
- в) Көкшетау, Қызылорда;
- г) Сығанақ, Тараз.

3. Қазақстандағы халқының саны 1 миллионнан асатын қалалар:

- А) Орал, Отырар;
- ә) Тараз, Теміртау;
- б) Алматы, Шымкент;
- в) Көкшетау, Қызылорда;
- г) Сығанақ, Тараз.

4. Кіріккен сөзді көрсет:

- А) әлдебір;
- ә) жаздыгүні;
- б) қолөнер;
- в) қосаяқ;
- г) Алмагүл.

5. Кіріккен сөз қолданылған сөйлемді көрсет:

- А) Әбу Насыр әл Фараби Отырар қаласында туған;
- ә) Биыл біз Астанаға бардық;
- б) Баянауылдың табиғаты өте сұлу;
- в) Алматыда биік-биік таулар бар;
- г) Сығанақ – қыпшақ елінің орталығы болған.

Кілт (9-слайд): 1. Г; 2. В; 3. Б; 4. Ә; 5. Ә.

Бағалау.

3. Үй тапсырмасы: III д. – 90 б. 4-тапсырма; II д. – 89 б. 3-тапсырма; I д. – шағын шығарма («Қазақстан қалалары»).

Элмира БАЙЖАНОВА,
Шымкент қаласындағы
Сабыр Рахымов атындағы
Республикалық әскери
мектеп-интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАР – ОТБАСЫ ӘДЕБІНДЕ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың отбасы туралы ұғымын кеңейту. **Міндеттері:** білімділік – Отбасы әдебі туралы мағлұмат алу. Жеті модульдің әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, жіктік жалғауын меңгерту; **дамытушылық** – оқушыны ойлауға және өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру. Оқушылардың сана-сезімін дамыту, ата-ана мен баланың өзара түсініктерін арттыру, ата-ана, ұстаздар арасында тығыз байланысты қалыптастыру; **тәрбиелік** – адамгершілікке, мейірімділікке және үлкенді құрметтеуге, кішіні ренжітпеуге тәрбиелеу.

Түрі: топтық сабақ.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, топтастыру, жеке жұмыс, ой қозғау.

Көрнекілігі: АКТ, үлестірмелі қағаздар, плакаттар, қалам, бор, тақта.

Пәнаралық байланыс: әдептану.

I. Сабақтың барысы:

а) Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сынып тазалығын қадағалау;

ә) Оқушыларды түгелдеу;

б) Оқушылардың дайындығы.

ә) Смайликтермен топқа бөлу (топ аттарын өздері шешеді).

б) Үй тапсырмасын сұрау:

1. Тәуелдік жалғау (5 сөз);

2. Қазақ отбасының ерекшелігі туралы;

3. Отбасы, тәрбие, әдептілік, адамгершілік туралы мақал-мәтелдер жазу.

II. Күтілетін нәтиже: Оқушыларды сыни тұрғыдан ойландыра отырып, отбасы әдебіне байланысты сұрақ-жауап алмасу, деңгейлік тапсырмалар арқылы жіктік жалғауларын меңгереді. Мақал-мәтелдердің жалғасын табу арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттері артады. Бес жолды өлең стратегиясы мен топтастыру стратегиясы тапсырмаларында оқушылар өз беттерінше ізденеді.

III. Жаңа сабаққа кіріспе: Отбасы туралы түсінік.

IV. Мәтінмен жұмыс. «Отбасы әдебі» (Оқу, түсінгенін ауызша айту, жіктік жалғауларын табу, дәптерге жазу, отбасы және отбасының әдебі туралы ойларын сурет салу арқылы жеткізу).

V. Суреттермен жұмыс: Отбасы туралы суреттермен деңгейлік тапсырмалар жасау.

1. Суретке қарап тақырып қою.

2. Сөйлем құрау (жіктік жалғауын қатыстырып 2 сөйлем құрау).

3. Тақырып бойынша эссе жазу.

VI. Слайд. Мақал-мәтелдердің жалғасын табу.

1. Жігітті тәрбиелеген –, (әскерді тәрбиелейді).

Қызды тәрбиелеген – (ұлтты тәрбиелейді).

3. Адамгершілік – адам бойындағы (жақсы қасиет).

VII. Сергіту сәті.

а) Әр топта бір-бір оқушы шығып, іс-қимылды көрсетеді.

Қалған оқушылар соны табуы керек.

1. Мен анамды қатты сағындым.

2. Мен әжемді көргенде, жүрегім жарылардай қуандым.


3. Мен әкеммен бірге шөп шабуға бардым.

ә) Сұрақ:

Бір үлкен отбасында 100 адам өмір сүрген. Олар әрдайым тату болған. Оны естіген патша таңданып, үй иесінен себебін сұрайды. Сонда үй иесі қағазға бір сөзді 100 рет жазады. Ол қандай сөз жазды деп ойлайсындар? (Пікірлер білдіру). Жауап: Ынтымақ.

VIII. Сабақты бекіту:

Бауырмалдық Тәрбиелілік Адамгершілік



Әдептілік Сүйіспеншілік Мейірімділік

IX. «Бес жолды өлең» стратегиясы.

1. Зат есім.
 2. Сын есім, сын есім.
 3. Етістік, етістік, етістік.
 4. Төрт сөзден тұратын түйінді ой.
 5. Бес сөзден тұратын синоним сөз жасау.
- X. Бағалау.

	Топ аты:	Тапсырма №1	Тапсырма №2	Тапсырма №3	Жалпы ұпай
1					
2					
3					

- XI.Үйге тапсырма беру:** 1) жаттығу жұмысы (12-бет);
2) Отбасы әдебіне байланысты ырым-тыйымдарды жазып келу.



Зәуреш ҚАЙЫРОВА,
Ақмола облысының
Шортанды қаласындағы
№8 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕТІСТІКТІ ҚАЙТАЛАТҚАН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

(5-сынып)

Сабактың мақсаты: қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру. **Міндеттері:** білімділік —

жаңадан меңгерген сөздерді есте сақтап, сөйлемдерде
дұрыс пайдалана білу, етістікті қайталау; **дамытушылық**
– ауызша, жазбаша ойлау мен сөйлеу қасиеттерін дамыта
отырып, өз пікірлерін айта білу; **тәрбиелік** – қазақтың
ұлттық өнерін дәріптеу, дүниетанымын кеңейту, халықтық
дәстүрді сыйлауға, туған жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдіс-тәсілі: әңгімелеу, сұрақ-жауап, аударма жұмыс.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, «Қазақтың ұлттық
ойындары» слайды, тірек-сызбалар, Венн диаграммасы,
«Төрт түлік мал көрсетілген» слайдтар.

Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу;

б) Кезекшімен сұхбат.

1. Сабағымызды тілді жаттықтыру жұмысынан
бастайық.

- Балалар, біз қай мемлекетте тұрамыз?


- ҚР Президенті кім?

- ҚР рәміздерін атап беріңдер.

- ҚР мемлекеттік тіл қай тіл?

- Қазақстан қандай мемлекет?

«Күн шұғыласы» ойыны. (№1 слайд)



II. Жаңа тақырып.

- Балалар, бүгін біз ерекше сабақ өтеміз. Сабақтың тақырыбы – «Етістікті қайталанған ұлттық ойындар».

1) Тақтада лексикалық тақырып бойынша тірек-сызба берілген. Осы сызбаға қарап, мұғалім оқушыларға «Елтану. Ұлттық ойындар» тақырыптары бойынша мәлімет береді (№5 слайд).

2) Интербелсенді тақтада бейнефильм арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру.

- Балалар, қасиетті Ұлы далада Шығыс пен Батыс ғажайып нұрын шашқан көшпенділер мәдениеті, әдет-салты, ұлттық ойындары қалыптасты. Нәресте дүниеге келгеннен бастап жасалатын салт-дәстүрлер бар. Олар: шілдеhana, бесік той, тілашар, сүндет той, т.б. Қазақ халқы ұлттық ойындарда көбісінде малдың сүйегін, қой құмалағын пайдаланды. Халық малды аса қадірлеп, оны өсіруге ерекше көңіл бөлген. Мысалы: «Тоғызқұмалақ», «Сақа», Ұлттық ойындары, әсіресе, ат спортымен негізделген. Солардың ішінде қыз қуу, көкпар, бәйге, аударыспақ, теңге алу..... Қазақтың ұлттық ойындары еңбектенуге, ойлауға, тапқырлыққа, шешенділікке негізделген. «Тоғызқұмалақ» есепке үйретеді. Осы ойынды ұлы ақын Абай ерекше бағалап, көңіл бөлген. Оны нағыз есеп ойыны деген. Қазақта әр үйдің баласы сойған малдың, әсіресе, қойдың асығын жинайды. Асықты бояйды. Балалар асықтарды белгілеген жерге тігіп, көмбеден атып тигізу керек. Осы ойын ептілікке, мергендікке үйретеді. «Арқан тарту» ойыны, көбінесе, мерекелерде, тойларда өткізіледі. Ойынға ұзын жіп немесе арқан керек. Ортадағы көлденең сызықтан кім бұрын арқанды тартып өткізсе, солар жеңіп, жүлде алады.

«Алтыбықан» – халқымыздың ұлттық ойын-сауығының бір түрі. Алтыбақан көшпелі халық үшін өте қолайлы, себебі тез жиналып, тез құрылады. Жастар алтыбақанға жиналып, көңіл көтереді. Екі жас алтыбақанда тербеліп, ән салады. Қазақ халқы ерте заманда аңшылық кәсіппен шұғылданды. Олар бұлғын, сусар, түлкі сияқты аңдарды бағалы терісі үшін, арқар, тауешкі тәрізді аңдарды еті үшін аулады. Қыран құстарды асырап, баптап, аң-құсқа салу «саятшылық» деп аталады. Балаларды жас кезінен осы қиын да қызықты өнерге үйретіп, танымын шыңдап отырған. Бұл дәстүр қазіргі кезде қайта жанданып жатыр. Ұлттық ойындардың бәрін айтып болар емес.

- Балалар, бейнефильмде қандай ұлттық ойындармен таныстық?

- Жақсы. Мен сендерге қазақ халқы төрт түлік малға ерекше көңіл бөлгенін айттым, енді сендер төрт түлік малға қандай жануарлар жататынын айтып беріңдер.

Жұмбақтар» ойыны. (№5 слайд).

1) Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. *(қой)*

2) Екі айнасы бар,

Екі найзасы бар. *(сиыр)*

3) Қамыс құлақ, тостаған тұяқ,

Мінсең – канат, сүті – дәрі, еті – тамақ. *(жылқы)*

4) Басында таяғы бар,

Төрт аяғы бар.

Екі құлағы бар

Иегінде сақалы бар. *(ешкі)*

5) Кезікті бір жануар

Үстінде екі тауы бар. *(түйе)*

- 109-беттегі диалогпен жұмыс. Төрт түліктің төлдерін атау. Сызбаны толтыру (№6 слайд).

Түлік



төлден



өседі.

- Балалар, қазір сендер «Ойлан, тап» ойынын ойнайсындар. Осы ойында сендер әріптерді орыны ауыстырылған сөздерді дұрыс тауып айтыңдар және қандай сөз ұлттық ойындарға жатпайтынын белгілеулерің керек (№7 слайд).

Ойлан, тап!

Паркөк –

Гейбә –

Шілдехана –

Аупақдарыс –

Лақтоғызқұма –

Ықас –

Өзінді тексер (№8 слайд).

Оқушылар орындалған тапсырманы тексереді.

III. Сөздік жұмыс (№9 слайд).

Үйіру – кружить, сбрасывать;

Ұнай – очко;

Түспесе – если не окажется;

Соғылған – сбитый;

Шашылған – разбросанный;

Кезек – очередь;

Орта – центр;

Басқа – другие;

Бірге – вместе;

Саналу – считается;

Осылай – так.

- Айтып, хормен қайталау.

- Сөз тіркесін, сөйлем құрастыру.

«Кім дұрыс орындайды?» (№10 слайд).

Ойынның шарты: сөздердің аудармасын тауып, сәйкестендір.

Мақсаты: оқушының есте сақтауын тексеру.

Боялуы керек

Қарап тұру

Үйірген ойыншы

Тимей қалса

Қозғап кетсе

Бір – біріне

если сдвинет

друг другу

нужно покрасить

смотреть, наблюдать

если не попадет

ведущий игрок

Өзінді тексер (№11 слайд).

(Мұнда оқушылар істеген тапсырманы тексеріп шығады).

IV. Мәтінмен жұмыс (112-бет).

- Мұғалім мәтінді мәнерлеп оқиды.

- Оқушылар іштей мәтінді оқып, аударады.

Аударма жарысын өткізу.

Мақсаты: оқушының сөздік қорын тексеру.

Бірнеше оқушы тақтаға шығып, аудармасын оқиды.

Қалғандары тындап, ең жақсы аударған оқушыны таңдап алады.

V. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру?

1. Бұл ойынға қанша бала қатысады?
2. Ойынға қанша асық алынады?
3. Он бірінші асық қалай аталады? Оны қалай белгілейді?
4. Асықтарды қалай иіру керек?
5. «Хан» қалай түсу керек?
6. Ойыншылар қалай ұпай жинайды?

VI. Етістіктерге қатысты жаттығу жұмыстары.

1. Етістік деген не?
2. Қандай сұрақтарға жауап береді?
3. Мәтіннен етістіктерді теріп жазып, жіктеңдер

(№12 слайд).

Етістіктің жіктелуі

Мен

Біз

Сен **тұр...**

Сендер **тұр...**

Сіз

Сіздер

Ол

Олар

Мен

Біз

Сен **ойнап жүр...**

Сендер **ойнап жүр...**

Сіз

Сіздер

Ол

Олар

VII. Оқушылардың алған білімін тексеру (№13

слайд).

- Үш бөлік бойынша ауызша жауап беріңдер:

БІЛЕМІН	БІЛГІМ КЕЛЕДІ	ҮЙРЕНДІМ
- Ұлттық ойындарды. - Төрт түлік мал туралы. - т.б.....	- Қазақтың ұлттық ойындары туралы. - «Ханталапай» ойыны туралы. - т.б.....	- Қазақтың ұлттық ойындары ат спортына негізделген. - т.б.....

VIII. Бағалау.

IX. Үй тапсырмасы: 1) 111-бет, жаңа сөздерді жаттау;
 2) 112-бет, мәтінді оқу.



Райхан БЕРДІБЕКОВА,
 Алматы қаласындағы
 №132 мектеп-гимназияның
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ – КӨРКЕМ ӘДЕБИ ТІЛДЕ

Мақсаты: тарихи тұлға Әбу Насыр әл Фараби өмірі мен шығармашылығын білуді оқушы бойында қалыптастыру. **Міндеті:** білімдік – ұлы ғұламаның өмірінен алған білімдерін тексеру, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге баулу; **дамытушылық** – қазақтың асыл мұрасына жататын ғұламалардың өсиет сөздерімен танысу. Оқушыларға бағыт, бағдар бере отырып, оларды өз бетінше ізденуіне жол ашу, сөйлеу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – өз заманымыздың озық ойлы, кең өрісті,

мәдениетті азаматтарын тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта (компьютер, шығармалар жинағы, бұктеме, теледидар бейнетаспа, ұлы ғұламалардың сөздері).

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Түрі: нәтиже, қорытынды сабақ.

Жұмыс түрлері: ұжымдық, жұптық, жеке.

Әдісі: сұхбат, қойылым көрсету, сұрақ-жауап, баяндау.

Сабақ барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа зейінін аудару.

2. Кезекшімен сұхбат.

3. Психологиялық дайындық, оқушылардың көңіл-күйін сұрау, сабаққа бет бұру.

Кіріспе сөз.

Мұғалім:

- Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді.


Қазақ топырағынан көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтар бүкіл шығыс, араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарға мұра етіп қалдыра білді.

Әлемдік әдебиет пен мәдениеттің алтын қорына өзіндік үлес қосқан әл Фараби өмірінен сыр ашамыз.

Бүгін сабақта: ұлы ғұлама әл Фарабидің өмірімен шығармашылығын қорытындылай отырып, ұлы ғұламаның өмірінен алған білімдерін оқушылар шығармашылық жұмыстарына пайдалана отырып, көркем-әдеби тілде сөйлеу арқылы өз ойларын тиянақты жеткізе білуі.

Интерактивті тақтамен жұмыс:

Әбу Насыр әл Фараби



Мұғалім: - Қазір, балалар, топқа бөлініп, атақты ғалымның еңбектерін әңгімелеп, оқып, талдап, қанатты сөздер, тұрақты тіркестерді, мақалдарды орынымен қолданып, қазақшамыз қалай екенін көрсетейік.

Топпен жұмыс:

I топ – биографтар;

II топ – әдебиеттанушылар;

III топ – білім беру эксперттері.

Мұғалім: - Осы бөлім, тарау барысында әр топ біраз мағлұмат, жаңалықтар дайындап әкелдіңдер, соны әңгімелеп берсеңдер.

Бірінші кезең- биографтар кезеңі:

Биографтар.

1-оқушы: - Әл Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Фараб қаласында дүниеге келеді.

Туған жері қазақтың ежелгі қаласы – Отырар. Арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен.

2-оқушы: - Сырдария бойын мекен еткен қалың қыпшақ тайпасынан шыққан.

Мұхаммед Ибн Тархан отбасында дүниеге келген. Әкесі Тархан Ибн осы атақты қала қорғанының бастығы, ауқатты, сауатты адам болған.

3-оқушы: - Фарабидің толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл Фараби, әкесі – Ұзлағ, арғы атасы – Тархан.

Сондықтан әйгілі ғалым Фараби өз қолымен

Отырар қаласында туылдым, руым - қаңлы - қыпшақ” деп жазып қалдырған.

4-оқушы:

Он алты жасынан бастап оқу іздеп, керуенге ілесіп Бағдадқа аттанады.

Әл Фараби Бағдадқа ең әуелі дарынды ақын, музыкант ретінде танылған. Сайф ад Дәула Әмірдің тапсырмасы бойынша музыканың заңдылығын зерттеп, он екі тараудан тұратын “Музыканың үлкен кітабы” атты күрделі еңбек жазған.

II топқа кезек берейік.

Әдебиеттанушылар тобы.

1-оқушы: - Қазақ әдебиеті мен тарих үшін әл Фарабидің орыны бөлек. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған. Данышпан энциклопедист-ғалым, ойшыл философ, математик, астролог, музыка теоретигі – ғалымның жан жақты тұлға екенін көрсетеді.

2-оқушы: - Бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

3-оқушы: - әл Фараби өзін тек қана ақын және күйші, әнші ретінде танытқаны айтылады, өлеңдерінен үзінділері сақталған, күйшілік өнері туралы әңгімелер көптеп кездеседі.

Мысалы: “Тамылжыған күй”.

III топ.

Білім беру expertі.

1-оқушы: - Әл Фараби философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді, ғалымның шығармаларының саны: неміс ғалымы Ш.Штейншнейдер – 117 еңбек десе, түрік

Ғалымы А.Атеш – 160 еңбек, ал тәжік ғалымы – 200 трактат деп көрсетеді.

2-оқушы: - Көп тілдерді жетік білген ғалым мынадай кітаптарды біздерге мұра қылып қалдырды: 1. «Ғалымдардың шығуы». 2. «Ғалымдар энциклопедиясы». 3. «Музыканың үлкен кітабы». 4. «Ақылдың мәні», т.б. көптеген еңбектер жазған.

3-оқушы: - Ал тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше.

Өз заманындағы өнер білімінің ең асылын таңдап ала білді, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап қалдырды.

Топтардың жұмысына жақсы баға бере отырып, қорытынды бір-бір сұрақ:

1-сауал – Туған қаласында қандай білім ордасы болды?

2-сауал – Ғалымның ісін жалғастырған, ғылымға берілген шәкірттері болды ма?

3-сауал – Өмірдің соңында қай жерде тұрақтайды?

Мұғалім: - Бірінші болып сұраққа қай топ жауап береді? Жақсы, тыңдайық.

Биографтар тобы: - Отырар қаласы IX ғасырда ірі мәдениет орталығы болған.

Аңызға қарағанда, Отырар кітапханасы кітабының саны жағынан атақты Александрия кітапханасынан кейінгі екінші орында болған. Осы кітапханада әл-Фараби білімін толықтырған.

2-сауалға әдебиеттанушылар жауап береді.

- Шәкірттері болды ма?

- Иә, әрине. Фарабидің ісін жалғастырып, ғылымға

берілген шәкірттері көп болған. Олардың ішінен бірінші-Әбу Әли ибн Сина, еңбектерімен сабақтасқан ғалымдар: Бируни, Бозжани, Омар Һайям.

3-сауалға білім беру эксперттері жауап береді:

- Ғұлама-ғалым өмірінің соңында қай жерде тұрақтайды?

- Өмірінің соңына қарай әл Фараби Мысыр, Шам, Халеб қалаларында болып, ақырында Шам шаһарына келіп тұрақтайды. Осында қайтыс болады.

- Рахмет, үш топта жақсы білімдеріңді көрсете алдыңдар. Дәптермен жұмыс.

- Ал, енді Әбу Насыр әл Фараби бөлімінен нәрсені еткен он тақырыптардан түйген ойларыңды ортаға салып, ой бөлісу (грамматикалық тапсырмаларды, аударма жұмыстар).

- Кім дайын? Ал бастайық.

I. Отырарлық ғалым.

3-тапсырма 57-б.сөз тіркестерді мәтіннен тауып оқып,аудару.

Дүние салды,шежіре кітаптары,дүниежүзіндегі, бірі болды, ұлы ұстаз.

II. Отырарлық кітапхана.

2-тап. 60-б., берілген сөз тіркестерден, сөйлем құрастыру.

Мысалы: Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады. Малика ағылшын тілін жақсы біледі. Жол жүру ережесін бұзбау керек.

III. Жолаушы жігіт. 3-тапсырма, 63-бет, мәтіннен әл Фарабидің киімі суреттелген сөйлемдерді оқып бер. Мысалы: Оның үстінде шаруа шапаны, басында бөркі, аяғында кебіс болады.

IV. Тамылжыған күй.

10-тапсырма, 68-бет, мәтінде адамның көңіл күйіне байланысты сөздер бар ма? Оқып бер.

V. Бағдатқа жол.

5-тап. 70-б., сөйлемдердегі біріккен сөздердің астын сыз.

Бірталай – үстеу, атамекен – зат есім, көпсөзділік, ақылсыздық – сын есім.

VI. Ұстаз.

5-тапсырма. 74-бет, мәтіннен алынған синоним сөздерді аудар:

шәкірт, оқушы; ерегіс, ұрыс; көз іліну, қалғу; кемшілік, қателік; қуану, рақаттану; дос, жолдас; елшілік, татулық;

VII. Ғылым жолында.

1-тапсырма. 75-бет, жауабын мәтіннен тауып оқы.

Сол мақсаты орындалды ма?

“Бар өмірімді ғылым жолына сарп еттім. “Табиғат пен адамзат” деген ғылымға қызмет еттім. Бағаны кейінгі заман берер. Ғылым жолында әркім өзінің ақылы жеткен жеріне бір белгі қалдырып кетуі керек қой.”

VIII. Шәкірт.

5-тапсырма. 79-бет, шәкірт, қобыз сөздерін септеу.

IX. Ғалым.

81-бет, грамматикалық тапсырма. Мәтінде аталған қалалар қай септікте тұр, атап айт.

X. Ғалымның шәкірттері.

85-бет, грамматикалық тапсырма:

Күрделі етістікті мәтіннен тауып оқы.

Мысалы: пікірлер айтқан, қарамаған тәрізді.

М: - жақсы, рахмет.

III-Сабақты қорыту, бекіту.

Интеллектуалды сайыс.

- Әр топ алған білімдерін жетілдіру үшін дайындалған сұрақтарға жауап береді.

Ескерту: Жауапты тез, жылдам, анық айту керек.

Сұрақ-жауап:

1. Отырар-Фараб қаласының түрікше аты қалай?

Қарашоды.

2. Әл Фарабидің толық аты-жөні? Әбу Насыр Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл Фараби.

3. Әл Фараби бейнесі неде бейнеленген? Ұлттық теңгелерде бейнеленген.

4. Алматыда әл Фараби атында нелер бар? Қазақ мемлекеттік ұлттық университет.1993 жылдан бастап Әбу Насыр әл Фараби атымен атанған. Әл Фараби даңғылы, Әл Фараби сауда-үйі.

5. Ғалымның 1100 жылдық мерейтойы қай қалаларда аталып өтті?

1975 жылы Мәскеу мен Бағдад шаһарында.

6. Әл Фараби қолжазбалары бар ма? Қайда тапсырылған?

Қазақстан тәуелсіз ел болғалы Фараби қолжазбалары алғашқыда Ираннан тауып әкелген.Алматыда ұлттық университетінің кітапханасына тапсырылған.

- Жауаптарың қанағаттанарлық, рахмет, жақсы.

- Қазақ халқы ежелден сөзге шешен, бай болған халық, мақал-мәтелге ерекше мән берген. Алдарындағы мақалдарды дұрыс құрастырып, оқып шығу (Конвертте мақал-мәтел қиындылары жатады).

- Бүгінгі сабағымызда уақыттың өтіп кеткенін де байқамаппыз.

Қорытынды сөз: - Көне сөз – жаңа сөздің қазығы, сендер VII-VIII ғасырлардағы өмір сүрген ғұлама әл-Фарабидің еңбектерінен көп білім алдыңдар. Балалар тек қана еңбектің арқасында үлкен биіктерге жетуге болады екен, иә?!

- Осындай жақсы көңіл-күймен, жақсы тілектер айтып, сабағымызды аяқтаймыз. Әр оқушы түрлі-түсті қағаздарға жазған тілектерін бір-біріне ұсынады:

1. Қазақ тілін жақсы меңгер!
2. Сабақтан жаңалық ал!
3. Ақылың азбай, білімің тозбасын!
4. Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір!
5. Әр тіл өз орынында ұлы!
6. Ана тіліңді жақсы меңгеріп алмай, басқа пәндерді түсіну мүмкін емес!
7. Құнды сөз құнарлы ойдан тұрады!
8. Күш – білімде!
9. Еңбек пен бақыт – егіз!
10. Адам мақсатқа өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.
11. Өнер – адамдарды біріктіретін құрал!
12. Оқы да біл, ойна да күл!
13. Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез.
14. Көне сөз – жаңа сөздің қазығы.

Оқушының білімін **бағалау.**

Үй тапсырмасы: әл-Фараби туралы эссе немесе биоһат жазып келу.

Майра БЕЙСЕБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
№ 97 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ. «ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫ

Автор:

- Жіңішке сымға тартқан әні қандай,
Балауыз балбыраған тәні қандай.
Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,
Толықсып толып тұрған сәні қандай.

Талайы бозбаланың болған ғашық,
«Уай, шіркін! Болсаңшы, - деп, - бізге нәсіп!»
Егер де Қамарменен тіл қағысса,
Құдай ұрып, жым болар, қара басып.

Жігіт:

- Сұлу Қамар, ақын Қамар, жаным Қамар,
Қамаржан, сені ойласам ішім жанар.
Үлбіреген ауызыңнан бір сүйгізсең,
Ішкендей кәусар суын мейірім қанар...

Автор: - деп маңайдағы бозбалалар армандаумен
болған еді. Және бір нәрсені ұнатып, мақтағысы келсе:

«Уай, шіркін! Мынау Қамардай екен!» десетін болды.

Кейде Қамар бір істің жөнін сұраса да: «Қамар маған сүйдеді, бүйдеді...» деп әркімге мақтанатын.

Қамар 15 жаста. Жауапсыз хаттар келіп түсіп жатыр.

Сарбас деген ауылда Жәукенің 21 жастағы баласы Ахмет оқу соңында жүреді. Жәукенің еңбегі еш кетпеді. Ауызы асқа, ауы атқа тиіп, есіктегі басы төрге жетті.

Ахметпен Омардың үлкен баласы Қасен құрдас әрі бірге оқыды. Қасен әрі қарай гимназияда оқыды, ал Ахмет қолының қысқалығынан оқи алмады. Дегенмен ақыл-ой, зеректігімен, өлең шығарып, біреуді сықақ студен үнемі алда жүретін. Бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт еді. Сол себепті оны «Оқыды деп Жәукенің баласын айт» деп мақтайтын. Ахметтің жамандыққа баспауын, жақсылыққа бастауын көре алмаушылар да табылды.

Қасенмен дос болғандықтан, Қамарды қарындасындай сыйлады. Екі жас бірін-бірі жасырын жақсы көреді.

Ахмет (хат жазады):

«Көп жүрдім шыдайын деп іштен жанып,

Кейде олай, кейде бұлай ойға қалып.

Амалсыз арды түйіп қалам алдым,

Кеткен соң ғашық оты бойымды алып.

Ойнайық аз ғана күн дәурен өтпей,

Тұрғанда басыңыздан билік кетпей.

Шығаршы жүректегі шын сырыңды,

Жаутаңдап екі көзді мөлдіретпей».

Қамар (хатты жазады, бірақ жыртып тастайды):

«А, Құдай, жасты жасқа пар қылғаның,

Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның...
Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның» - деп домбыраға
салып баяу әндетеді.

Ахмет (тағы бір хат келеді):

«Қалқам-ай, қапа қылдың жауап бермей,
Жүр ме екен қолың тиіп, реті келмей?
Дәрменсіз, дертім қалың, жүрек толқып
Мен жүрмін сол қападан әзер өлмей.

Білемін ішкі жағың мені сүйер,
Теңдесін теңдес сүймей, нені сүйер?
Дәл ойың жалғыз қылдың үстінде тұр.,
Ауа алмай бір жағына ішің күйер...» әрі қарай оқи
алмай жылап жібереді.

Қамар: - «Қой, әке, ағаларымды ұятқа қалдырмай,
Ахметтің де әке-шешесінің обалына қалмайын. Бес-он
күндік ойын үшін өзімді де, басқаны да қараламайын.
Бейшараның жанына батыра жазып, көңілін суытайын. »
(хат жазады).

Қамар:

-Құп алдым ықыласыңды, замандасым,
Белгілі сенен жақсы таба алмасым.
Сонда да үмітіңді үз, менен түңіл,
Доп емес әркім қағар менің басым.

Қарасам сүйгендіктен қарамаймын,
Сүйсем де, сол сөзіңе жарамаймын.
Арыстан айға шауып мертігіпті,
Секірме, қолың жетпес көктегі аймын.

Сен шыда, күйіп тұрсың бір-ақ отқа,
Болсаң да қандай қызу жалын шоқта.
Аузың айтып, ар жағың біліп тұр ғой
Екі оттың арасында тұрғам жоқ па?!

Ахмет (ойы):

Малдылық, маскүнемдік, қарыны тоқтық,
Деуші едім неге керек сыпыра боқтық.
Қазақтың қаны-жаны сонда екен ғой,
Діңкемді құрттың, міне, әттең жоқтық.

Ахмет (тағы хат жазады):

«Әрине, қолым жетпес көктегі айсың,
Қағу көрмей, қарсы өскен қалқатайсың.
Жетпесе де сермедім, ал қолымнан,
Ақыл-ой, зеректікке сайма-сайсың.

Не шара, айтқан сөзім ем болмаса,
Сұңқар мен сұқсыр үйрек тең болмаса.
Қылмаса Құдай нәсіп амал бар ма,
Біраз күн ойнайықшы ең болмаса».

Енді Қамар кездесіп, ауызба-ауыз сөйлесуді ойлайды.

Бірақ еш мүмкіндік болмағандықтан, қайта қағазға
үңіледі.

Қамар:

«Жан құрбым, сабыр етші, жанымды алмай,
Күйіп тұрған жаныма жалқын салмай.
Не сенен, не өзімнен жол табылса,
Қалатұғын ойым жоқ саған бармай.

Ақыл-ой, сын-сымбатта маған теңсің.
Шыбыным, шын сүйгенім – жалғыз сенсің.

Ту бие, қара саба болмаған соң,
Икемге менің елім қайдан көнсін?!

Шыдайық тілімді алсаң қараланбай,
Досқа күлкі, дұшпанға табаланбай.
Өтейік бір күйікпен арманда боп,
Тағы да жара үстіне жараланбай.

Көрініп көзге түссе осы хатым,
«Оқыды деген бар ед менің атым.
«Қызды оқытпа, оқытсаң мынау ғой», - деп
Кейінгіге тимей ме кесапатым?»

Ахмет (ойы): Қамардың ақылдылығына таң қалып:
«Қызды оқытса бұзылуға себеп» деп, -

Айтшы, қара қазақ, адамдығың қайсы, қыз оқыса
бұзылды дегенің, надандық емес пе?

Қамар неге менімен еріп кетпейді?

Ахмет: - Рас, ар-ұятты болжаған Қамар қандай
ақылды, мен Қамардан кешірім сұрап соңғы хатымды
жазайын:

«Қамаржан, мен күйемін сенің үшін,
Әрине, сен күйесің менің үшін.
Ғапу қыл, байқатпайды ғашық оты:
Аз ғана күн әурелен деген ісім.

Елуге жасы жеткен шалға барма,
Малды деп маңызданған малға барма!
Ел-жұртым обалыма қарайды деп,
Түбінде соған сеніп қапы қалма.

Қош енді, жанған жаным жана берсін,

Басыма кетпес қайғы сала берсін.

Құдая, сол Қамарды бақытты қыл деп,

Ғашығың қолын жайып қала берсін».

Қамарға қолы жетпей жүргендер аңдып жүріп, хат тасушы баланы ұстап алады. Хатты оқып қояды. Омарға берерін, Қамарға берерін білмей, ақыры Қасенге беріп:

Жігіттер: - «Кім дос, кім қас, байқамайсыңдар, күле кіріп, еркінсіп жүріп, не бітіріп жүргенін көрдің бе?»

Қасен: - Жігіттер, бұл хатта жүректі мұздататын нәрсе көрінбейді. Қамар маған қарындас болса, сіздерге де қарындас қой. Жабулы қазанды жабуымен қоя салайық. Мен сендерден замандастық ақым үшін сұраймын, даурықпай тараңыздар.

Жігіттер: - «Ойбай, сүйексіз шіркін-ау, бәрі өзіңнен екен ғой. Қара жүрек болмасаң, осыған жаны бар кісі шыдамас еді».

Қасен: - «Кет деген соң, кетіңдер! «Теңіне тегін бер» деген, Қамар Ахметке лайық, жұмысың болмасын. Ахметтен садаға кетіңдер!»

Автор: - Ұрынуға қара таба алмай, ермек қылуға жара таба алмай жүрген өңкей есектер солай екен деп қоймай, үйді-үйге айтып, шу шығарды.

Омардың бірге туған ағасы Қалтан қажы, Оспан би естіп, Ахметтің түгін қоймай:

Оспан би: - «Қап, бәлем, саған қылмасам, өлген әкемнің көріне кірейін».

Автор: - Омар көңіл аудармады. Бір күні Оспан би Қасен мен Ахметтің бірге жүргенін көріп, сілейтейін деп еді, арасына түскен Қасенді көк ала қойдай қылып сабап, басын жарды.

Омардың Ахметті жазалауын қалады. Омар оқыған адам болғандықтан, оған көнбеді. Ағайынды адамдардың арасына от жақпақ болып, Оспан биге қарсы қоймақ болды. Омар оған да көне қоймады. Бірақ Омар жалғыз үй боп қала берді. Ештеңе шықпаған соң, Жәукенің өзіне барып, Ахметті 18 айға абақтыға жатқызып, екі жүз теңге көлемінде ақы төлеу керектігін айтты.

Бұл істерінен ештеңе шықпаған соң, жауыздар ағайынды екеуін татуластырмақ болды. Омар қуана малын сойып, Оспан бимен қайта ауыз жаласты. Ахметке кешірім сұратып, нан ұстатып, баяғы 200 теңгені кешкізді. Дау басылды.

Ал Қамар уайымнан жүдеді, Ахметті кінәлауы жеп барады.

Қасен: - «Қарағым, сонша жүдеп немене? «Ит үрді, керуен көшті, мен тірі тұрғанда, сені жылатып қор қылар дейсің бе?»»

Қамар: - «Қайдан білейін-ау!» - деп көзіне жас алды.

Автор: - Қамарға Қасеннің сөзі демеу болды. Күзде Омар Қасенді екі жүз шақырым жердегі Омскі шаһарына оқуға алып кетті.

Сол кезде болыс Нұрымның қатыны өледі. Аттан жығылып, аяғы ақсап «Жорға Нұрым» атанған. Оның иттерінің басты төбеті – Оспан би еді. Енді ол Оспандікінен шықпай, Қамарды сұратты. Осындай дәрежелі кісінің күйеу боламын дегеніне Оспан би төбесі көкке жеткендей қуанды. Енді Омарды күтті.

Қалтан, Оспан би: - «Қамаржанның бақытына қарай жайлы орын табылды. Болыс үлкен басымен өзі келіп сұраған соң, өзіңді күтпей келісім бердік. Ал, енді, қайырлы болсын!»

Омар маңдайынан ұрып жібергендей ыршып түсті.

Омар: - «Бұзылған иттер, дендерің сау ма? Мәжнүн болмасандар, қара жүрек болмасандар... Апырым-ай, апырым-ай, ұялмай періштедей қарашығымды аяқты малдан жаман дөңкиген жауызға ұйғардық деп не беттеріңмен айтып отырсыңдар? Неден қысылдыңдар? Түсіне кірсе қорқатын ноянға Қамарды барады, мені береді деп ойладыңдар ма? Құдай, құран, көз жас, обал деген нәрсе естеріңде бар ма? Жоқ, малмысыңдар? Сендер бір аяқ ас берген адамға имандарыңды да сатасыңдар. Қысқасы, мойыныма қапшық салып, қайыр тілеп күн көрсем де, Қамарымды оған жылата алмаймын. Байлығы, болыстығы өзіне. Аулақ жүріңдер, аулақ!»

Үлкен кісілер: - Омар, сен осы мінезіңді қоя тұрып, сөз тындашы, ақыр ұнамаса, біреуді біреу зорлай алмайды ғой.

Үлкен кісілер: - Кәне, Нұрымның қай жерінде мін бар? Мал десең мал, ата-тегі анау, кеше ханның қызын алған, сен ханнан артық ба едің, қолындағы балаларын бір теуіп бөлек шығармақшы.

Қалтан қажы: - «Бұларға өзі секілді қара жүрек орыс болмаса, не Ахмет секілді шала қазақ болмаса, кісі жаға ма? Сен шоқынды екен деп, пайғамбар жасына келіп, өтірікші бола алмаймын. Қасенді әрі қарай шоқындыра бер, ал Қамардың билігі өзімде. Құда келе берсін. Бала бармайды дейді, әке берсе қыз қайда барады».

Оспан би: - «Мені өтірікші қылып, өлтіретін жерің де, көметін жерің де – осы.»

Автор: - Омар не істерін білмейді. Әйеліне келіп

Омар: - «Не істейміз енді?»

Әйелі: - Өзің білесің ғой. Үйінде жасау көп дейді. Орынды жер ғой. Бұл кімнің құдағиы десе де...»

Омар: - «Саған ақылдасқан мен де ақымақ ..» деп сақалын жұлды.

Автор: - Ақылды-сымақ ағалар келіп қоймайды.

Омар: - «Қамар көнбейді. Анау күні Қасен де тапсырып еді. «Айтаққа еріп, Қамарды шатастырып алушы болма» деп.

Әйелі: - «Әне, сөйтіп баланы жаман үйрететін өзің».

Омар: - «Ай, бағы ашылмаған, қарашығым Қамар, шынымен, надандарға қара тоқты болғаның ба?»

Кісілер: - «Қайтсін байғұс! Әйел бала – жат жұрттық екені есінде бар деймісің? Бұрын бала ұзатып көрмеген кісі сүйтеді ғой».

Оспан: - «Жынды неме! Жыны ұстап отыр да. Әйтпесе, одан басқа кісі бала өсірмеп пе еді? Жұмыс бітті. Келер сенбі құда түссін».

Хабаршының құлағына сыбырлап **Оспан:** «Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен келгенін Нұрымға сездір, жарай ма?»

Құдалар келді.

Қамардың замандастары: - Шіркін, Қамар-ай, шынымен дөңкиген өгізге кете ме?

Автор: - Ахмет осыны көрмес үшін оқуды сылтау ратып шаһарға кетіп қалды.

Ахмет (Қасенге хат жазды):

«Жан досым, хат жазамын сізге таман,
Құр сұлдер жаным шықпай, жүрмін аман.
Жазбауға шыдатпады сорлы көңілім,
Болған соң Қамаржанның халі жаман.

Шыдамай күйіп-жанып, кеттім қашып,
Қылмауға көзге күйік жан таласып.
Бұл күнде өлетінмін сол қайғыдан
Қамардың халін ойлап жаным ашып».

Гүлбадан МӘМБЕТЫРЗАЕВА,
«Тоғыз» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
Назгүл ИМАНБАЕВА,
орыс тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы,
«Шілікті» ауылы.

АБАЙ ӘЛЕМІ

Кештің мақсаты: ұлы ақын Абай шығармаларының кез келгенін талдай білу, дағдысын одан әрі қалыптастыру, оқушының сөйлеу тілін дамыту. Абай шығармаларының тереңіне үңіліп, сұлулығы мен маңызын түсіну. Абайды тану арқылы қазақтың даналығын, сөз өнерін, бай тілін таныту. Оқушыларға эстетикалық, экологиялық тәрбие беру, олардың поэзия, саз өнері, бейнелеу өнері секілді көркем өнер дүниесіне сүйіспеншіліктерін арттыру. Абай ұлылығын терең сездіру, туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақын портреті, ақын өлеңдерінен үзінді, ақын туралы айтылған ұлы адамдардың сөздері, кітап көрмесі, ақын шығармашылығына байланысты слайдтар.

Кештің барысы.

I. Ұйымдастыру. Кеш Абай туралы бейнероликпен басталады.

II. Кіріспе.

1-жүргізуші:

- Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен – бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма,- деп ақынның өзі айтқандай, «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп», тар жол, тайғақ кешу өмір кешкен, өкініш пен өксігі көп, қайғысы мен қасіреті мол қараңғы қапас өлкеде де, ел мұңдарын «асау жүрегінен» ағыта, шабытты жыр жырғап төккен алып Абай атамыз туралы әдеби-танымдық кешімізді жыр алыбы Жамбылдың өлеңімен бастағанды жөн көріп тұрмын.

Абайдың суретін көрген ол:

Мына тұрған Абайдың сүгіреті ме?

Өлең сөздің ұқсаған құдіретіне.

Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған

Өр Абайдың төтеген кім бетіне?- деп айтқан екен (Слайд көрсетіледі).

2-жүргізуші: - Абай өлең шығаруды бала кезінде-ақ бастаған. Алайда жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем әдебиетке шындап ықылас қойып, көзқарасы қалыптасып, сөз өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі — өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі — ғақлия (немесе қарасөз) деп аталатын прозасы; үшіншісі — өзге тілдерден, әсіресе, орысшадан аударған өлеңдері. Осыған байланысты біздің бүгінгі кешіміз 5 бөлімнен тұрады.

Кештің жоспары:

I. Абай – сазгер.

II. Абай – аудармашы.

III. Абай – қарасөз шебері.

IV. Абайдың – табиғат лирикасы.

V. Семей – Жидебай телекөпірі.

1-жүргізуші: - Олай болса, кешіміздің бірінші бөлімі:

Абай – сазгер. Ендеше, Абай атамыздың үні іспеттес әндеріне кезек берейік. (Көзімнің қарасы, Желсіз түнде жарық-ай, т.б)

- «Айттым салем, Қаламқас», аспапта орындайтын – Ержанова Сандуғаш, фортепианода өңдеген – Досанова.

- Құсайынова Назерке мен Сыздықова Жаңагүлдің орындауында – «Желсіз түнде жарық ай».

- Шәріпов Сержанның орындауында «Көзімнің қарасы».

2-жүргізуші: - Қараңғы түнде тау қалғып,

Ұйқыға кетер балбырап... Абайдың ақындық мәдениетті жетілдіруде, ақынның қоғамдағы орыны мен көркем сөздің рөлі туралы ойлануына орыстың классигі Пушкиннің ықпалы зор болды. Пушкин шығармаларын оқып, оны аударумен Абай көбірек шұғылданды.

- Жанабек Нұрқасия. «Татьянаның Онегинге жазған хаты».

- Ырыскелдиева Ақбөпе. «Лермонтовтан аударған «Ой» өлеңі».

1-жүргізуші: - «Абай – бүгінгі адамға қажетті сауатты, ерекше білімді уағыздың иесі...Хакім Абайдың қарасөздері адам туралы ғылымның көркем сөзбен баяндалуы» дейді ғалым А.Исмақова. (Абайдың қарасөздері оқылады.)

- 16-қарасөзі – Рахымбек Аяулым.

- 19-қарасөзі – Ахмет Көркем.

- 31-қарасөзі – Баянова Ақсымбат.

2-жүргізуші: - Абай поэзиясының тағы бір баға жетпес ерекше үлгісі – табиғат лирикасы. Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Оны дүние жүзінің классик ақындары беріле жырлаған. Біреулер таза пейзаждық суреттер жасаса, екінші біреулері табиғат арқылы қоғамдық өмірді суреттейді. Абай да табиғатты өзінше жырлаған. Абайдың «Жаз», «Күз», «Қыс», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай», «Желсіз түнде жарық ай» атты табиғат лирикалары бар. Абай қыс табиғатын бұдан өзгешелеу стильде суреттейді. Бұл – нағыз орыс поэзиясының классикалық үлгісімен туылған өлең. Абай қысы Н.Некрасовтың «Аяз атасы» тәріздес. Бұл өлеңінде Абай қысты бейнелей келе, көшпелі елдің күзгі тіршілігі мен табиғаттың жүдеу көрінісін, кедей үйлерінің тұрмысын көрсетеді. Адам мен табиғаттың бірлігі тақырыбын орыс поэзиясынан ала отырып, Абай қазақ өмірімен байланысты кең дамытты. Енді оқушылар өлеңдерінің шығу тарихымен слайд арқылы таныстырады. Абайдың жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдеріне кезек берейік.

1-жүргізуші: - «Қыс «өлеңінің шығу тарихы Абай ізбасарларының бірі – Тұрағұл өз естелігінде: «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»» деп өлең қылғаны – 1884 жылы қыс қатты болып, ел жұтаған. Қар сәуірдің басында кеткен. Соны өлең «еткен» делінген.

2-жүргізуші: - «Жаз» өлеңіндегі ауыл – Абайдың өз ауылы. Абайдың аяңшылы – Абайдың Әбдірахманмен алған аяңшыл Күреңтөбел аты. Айқайшы шалы – сол жылы өз ауылымен көрші болған Әнет Бармақ деген

шал. Құс салып жүрген жас жігіттер, өзінің балалары – Ақылбай, Әбдірахман болатын деп өз естелігінде Абайдың айырылмас досы Көкбай ақын баяндаған.

1-жүргізуші: - «**Жазғытұры**» өлеңінің шығу тарихы Көкбай ақын өз естелігінде: «1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін Абай өз өлеңдерін Көкбай сөздері деп беріп жүрді. 1886 жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай ауылының ең өрістеп барып орнықпақ болған ауылы Бақанас өзенінің бойы еді. Көш жүріп кетті, біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақта еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көкбейіт деген жерге қонып жатыр екен. Абай қонып жатқан ауылды көріп: «Осы суретті өлең қыл» деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен, үй тігіліп болып, бәріміз жиналған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой» деді. Мен «Асса, басында мен қолқалап алған нәрсе емес. Енді ретін тауып өзіңіз қайырып алыңыз» деп қалжыңдадым. Сөйтсем, сол күні «Жазды күн шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді. Өзі жазған өлеңіне өзі аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: Сен соғымыңа бір ту бие ал, ал мен енді өлеңімді өзім алайын» деді.

2-жүргізуші: - Семей – Жидебай телекөпірі.

Телекөпірдің жүргізілуі (алдын ала түсірілген бейнеролик): Журналист рөліндегі оқушы телекөпірдің жүргізілу барысы туралы қысқаша түсіндіреді. Жидебай жағынан қатысушы қонақтар сұрақтарға жауап береді.

1-жүргізуші: - Қымбатты қонақтар мен кешке қатысушылар! Біз қазір «Семей – Жидебай» телекөпірін, яғни, Жидебай жеріндегі мұражай қызметкерлерімен

сұхбат өткізіп қайтқан едік. Назарымызды экранға аударсақ.

Журналист (Сералдыева Айгерім): - Жидебай туралы біраз әңгімелеп берсеңіз. Жидебайда айырықша есте қалатын тағы қандай орындар бар?

Жауап (Мұражай қызметкері (Смағұлова Бақытгүл): - Шығыстан батысқа қарай шөккен түйедей көлбеу түсіп, екі жүз шақырымға созылған, бір жағы – Ақшатау сілемдері арқылы атақты Тарбағатай тауларымен, бір жағы – Абыралы шоқыларымен астасып, тамырша тарасып жататын әйгілі Шыңғыстаудың картадағы белгісі елеусіз болғанымен, тарихтағы орыны – оқшау, өмірдегі өрісі ұзақ дер едім. Себебі, осы Шыңғыстауды жайлаған тобықты руының ішінде 1845 жылы қазақ халқының ұлы ақыны дүниеге келген. Ал Жидебай – ақын өмірінің ең соңғы жылдары оның талай тарихи өлеңдерінің өзегіне нәр берген жерұйығы. Еліміздің ой-қырынан, әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған қонақтардың әулие орынына, киелі мекеніне арналған Жидебайда өздеріңе М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан белгілі бірнеше тарихи адамдардың мүрдесі жатыр. Жидебайда ең әуелі көзге түсетіні – 1960 жылы мәрмәр тастан салынған Абай Құнанбайұлының ескерткіші. Одан әрі 1986 жылы аналарға арнап ақын ұрпақтарының өздері жасаған алты қырлы кесенесі, ақынның 125 жылдық тойы қарсаңында салынған мұражайы, 1995 жылы бой көтерген мемориалдық кешені көрінеді. Ұлы ақынның 150 жылдық мерекесі қарсаңында Жидебайда алматылық архитекторлардың авторлығымен мемориалдық кешен жасалды. Мемориалдың күмбезі платформаға тұрғызылған. Оның бір жағында биіктігі 32 метр, диаметрі 12 метр болатын Абайдың кесенесі, платформаның екінші

жағында Абайдың шәкірті Шәкәрімнің кесенесі бой көтерген. Кешеннің дәл ортасында поэтикалық оқулар мен айтыстар өткізілетін амфитеатр бар.

Сұрақ: Семей мен Жидебай аралығындағы тарихи орындар жайлы не айтуға болады?

Жауап: Мұражай қызметкері (Сәдуақасова Арай): - Семейден оңтүстік батысқа қарай 178 км қашықтықта орналасқан Жидебайға барар жолда кенезесі кеуіп келе жатқан жолаушыны қиыршық қызғылт тасты қақ жарып, мөлдіреп аққан бастау бұлақ көрінеді. Оның оң жақ қапталында «Күшікбай асуы» деп аталатын әйгілі Күшікбай батыр жерленген жер бар. «Күшікбай асуынан» әрі асып, «Қанайдың қарағаны» аталатын атыраптан өткеннен кейін жан-жағы адырлы бел, құйқалы қыратты, сыздауытты, тұзды жер Бөріліге жетесіз. Бөрілі – атақты жазушы М.О.Әуезовтің кіндік қаны тамған ата қонысы. Мұнда әйгілі жазушының мұражайы бар. М.Әуезовтің 90 жылдық мерекесі қарсаңында бұл мұражай бүтіндей қайта жөнделіп, қажетті экспонаттармен толықтырылды. Одан әрі сонау ұлға – бұғау, қызға – тұсау болған зар заманда запыран жұтып, бірін-бірі сүйгені үшін тас бауыр қатал заманның құрбаны болған қос ғашық Еңлік-Кебектің мүрдесі жатыр.

Сұрақ: Абай мұражайы туралы өзіңнен естігіміз келеді.

Жауап: Мұражай қызметкері (Аяжан Әйгерім): - Жидебайдағы Абайдың мұражайы – республикадағы көрнекті мәдени орталықтардың бірі. Мұражай туралы қысқаша мәлімет беріп өтейін. Мұражайға кіре берістегі оң жаққа ақынның бюсті орнатылған. Ал мұражайға кіргенде алдымен кең бөлмелі ас үйге тап боласыз. Ас үйде қойылған қазан, самауырындар, ыдыс-аяқтар, асадал,

кебеже – Абайдың өзі қолданған бұйымдары. Келесі қонақ күтетін бөлмеде күмістеген құты, кесе, кебіс, айбалта, шақша сияқты заттар да көз тартарлықтай. Алдағы қос бөлме – Абайдың жыр жазып, кітап оқып, оңаша жұмыс істеген бөлмелері. Ондағы төргі бөлмедегі үстелдің үстіне қойылған шыны қорапшаның ішіндегі протезтісі, қалта сағаты, қаламсабы мен сия сауыты Абайдың өмірінен елес беріп тұрғандай көрінеді. Сонымен қатар, Абайдың өзі ойнаған тоғызқұмалақ ойынының тақтасы да сол қалпы сақталған. Мұражайдан шыға беріс дәліздің сол жағында тошала бар. Қабырғалары таспен қаланған тошала қысы, жазы бірқалыпты жылылықты сақтап тұрады. Менің айтайын дегенім осы, тыңдармандарға өте қызықты болды ғой деп ойлаймын.

Журналист: - Телекөпірге қатысушыларға алғысымызды білдіреміз. Енді назарларыңызды «Жер ұйығы – Жидебай» атты фотомонтажға аударыңыздар. (Тақтада Бөрілідегі М.О.Әуезовтің мұражайы, «Еңлік-Кебек» мүрдесі, Жидебайдағы Абай мұражайы, әдеби-мемориалдық кешен бейнелері көрсетілген фотосуреттері ілінеді).

1-жүргізуші: - Біздің бала кезімізден ақындық жолды қауып, өлең шығарумен айналысатындар да бар екен, енді сөз кезегін болашақ ақындарға берсек.

- Өткелбай Мөлдір.

2-жүргізуші: - «Болмасаң да ұқсап бақ» – дегендей, менің де ақын болуға құлшынысым бар, әрине, ақын болу үшін көп іздену керек. Мен өзімнің Абайға арнап жазған өлеңімді оқып берейін:

Қорытынды: Бүгін ХХІ ғасыр басында біз Абайдың шығармашылығынан қазаққа қажет руханилықты табамыз. Бізден кейінгілер де өздеріне қажетін

табатыны сөзсіз. Себебі, Абай адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап береді. Абай – адамзат ақылманы. Бүгін, сіздер Абай аталарың жайлы көптеген ойға тоқитын мәліметтер алдыңыздар. Бүгін Абай өлеңдерін, әндерін, қарасөздерін әдемі нақышына келтіріп оқыған сазды әуенімен құлақ құрышын қандырған әншіміздің де, тыңдаушыларымыздың да ішінде, бәлкім, дарын иесі, болашағынан зор үміт күттіретін ақын-жазушы, Абайдай елінің мақтанышы болатын азаматтар да отырған шығар. Барлықтарыңызға өзімнің ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, телекөпірді жүргізуші журналистеріміз бен оның қонақтары өз рөлдерін жақсы атқарды.

- Бүгінгі телекөпірге қатысқан оқушыларға алғысымды білдіремін.

Кешімізді Сағынғали Сейітовтың «Кім?» өлеңімен аяқтағым келеді.

*Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?
Жырымен жан сусынын қандырған кім?
Өзіне өзі орнатып ескерткішті
Мұра зып кейінгіге қалдырған кім?*

*Ерте оянып, ойланып ержеткен кім?
Талабын тас қияға өрлеткен кім?
Құба жон, құбақан құм құла қырды
Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?*

*Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?
Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?
Арманын аттандырған келешекке
Біздермен осы күнгі тербеткен кім?...*

*Тайсалмай мыңмен жалғыз алысқан кім?
Өзендей құйған барып көк теңізге
Лермонтов, Пушкиндермен табысқан кім?*

*Көрікті көңілде – жыр, қолда – қалам
Өмірдің өріне өрлей басқан қадам
Қазақтың өлеңінің ұлы атасы,
Ол-Абай, Ұлты-қазақ, Аты –Адам.*

Абай Әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен, тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық.



**Гүлжахан МЕЙРАМСАҒАТҚЫЗЫ,
Новоалександров орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Аршалы ауданы.**

«ЖҮРЕГІМНІҢ ТҮБІНЕ ТЕРЕҢ БОЙЛА»...

Байқау мақсаты: байқау мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және Абай шығармашылығын насихаттау

арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген өзге ұлт өкілдерінің ықыласын арттыру, қазақстандық рухани бірлікті қуаттау, отансүйгіштік сезімді арттыру мақсатын көздейді.

Байқау шарттары: «Абай оқулары» байқауына 1-11-сынып оқушылары қатыса алады. Көркем сөз оқу мен ән айту шеберліктерін қатар игерген үміткерлерге жол ашық.

Сахна. Абайдың «Көзімнің қарасы» әні естіліп тұрады. Ортаға Абай рөлін сомдаушы оқушы шығады.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен – бір жұмбақ адаммын,оны да ойла.

Соқтықпалы,соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Сахнаға кешті жүргізушілер шығады.

1-жүргізуші:

- Қайырлы күн, құрметті байқауға қатысушылар, ұстаздар, оқушылар! Бүгін осы бір кішкене залда қазақ сахарасының өзіндей алып, өзіндей ұлы ғажайып таланттың иесі,қасиетті де аруақты, әлем әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі – Абай туралы сыр шертпекпіз.

2-жүргізуші:

- Қай елдің болса да тәңірдей табынып, құдайдай мінәжат ететін киелілері болады ғой. Абайдың сөзі – халқымыздың, ұлтымыздың ұраны. Абай – алтын алаштың,иісі қазақтың пайғамбары.

1-жүргізуші: - Жас ұрпақ үшін Абай – өнегенің, өнердің, әділеттің, адамгершіліктің, адам ұлы бола білудің, халық үшін күресудің үлгісі.

2-жүргізуші: - Қош келдіңіз, талапты дос, дарынды,
«Абайдың оқуына» қос барыңды.

Жермен келіп, көкпенен қайтасындар,

Бұл оқу байытады жас жаныңды.

- Құрметті қауым! Дәстүрлі мектепішілік Абай оқуларын бастауға рұқсат етіңіздер.

2-жүргізуші: - Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы 1845 жылы Семей облысындағы Шыңғыстаудың бөктерінде дүниеге келген. Абай жас кезінен зерек болған. Оның зеректігін әрі қарай дамытқан екі адамды – әжесі Зерені, анасы Ұлжанды атауға болады. Абай жас кезінен тағылымды әңгімелеуді, өлең-жырларды тыңдап, олардағы жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өсті.

Абай – артына мол мұра қалдырған адам. Оның шығармалары күні бүгінге дейін терең мағынасымен, асыл да құнарлы жұртқа жол көрсетіп тұр. Екінші бір Абайдың сөз өнерін сүюіне зор ықпал еткен нәрсе – сол заманның шешендерінің тамаша сөздері. Нағыз ақын, әрі патриот Абай халыққа оның неге қасірет шегетінін түсіндіруге тырысты. Өзінің өлеңдерінде ол феодалдық-рулық билеп-төстеушілерді аяусыз әшкерелейді және халықты өнер-білімге шақырады. Ол сонымен бірге шетел классиктерінің, орыс ақындарының еңбектерін қазақшаға аударып, қазақ оқырманының жүрегіне терең бойлата білді. Абайдың көркем шығармаларынан өмірдің қиын мәселелеріне жауап табуға болады.

2-жүргізуші: - «Өлең – сөздің патшасы» номинациясы бойынша көркем сөз оқу шеберлігін айқындау үшін «Бүлдіршіндер» тобын шақырамыз. Атап айтқанда:

1-сынып оқушысы Дойникова Елизаветта.

2-сынып оқушылары: Куней Екатерина,

Дильман Наташа,

Байкенова Шұғыла.

3-сынып оқушылары: Авдиенко Дмитрий,
Лисин Валерий,
Юркина Янина.

«Жасөспірім» тобының орта буыны жалғастырып,
жоғары буын оқушылары аяқтайды.

1-жүргізуші:

- «Ән – көңілдің ажары». Әншілік қабілетін таныту.

«Мен – қазақпын, қия шыңға өрлеймін,

Мен – қазақпын, домбырамды тербеймін.

Қазағымды жырлап өтем мәңгілік,

Мен қазақты қорлауға еш көнбеймін» деп, «Көңілім
өнді ұғады» номинациясын бастаймыз.

1-сынып оқушысы Дойникова Елизаветта – «Желсіз
түнде – жарық ай».

2-сынып оқушысы Шұғыла – «Көзімнің қарасы».

5-сынып оқушысы Комар Александра, Шайкенова
Айдана,

6-сынып оқушысы Морозова Юля – «Көзімнің қарасы».

2-жүргізуші:

- Түбі терең миымнан,

Сөз жазамын қиыннан.

Өлеңімнің барлығы

Өмірімнен бұйырған.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» атты авторлық
номинацияны бастаймыз.

Кеш қорытындысында мектептегі оқу ісінің меңгеру-
шісіне сөз беріледі. Алға шыққан оқушылар мақтау
қағазымен марапатталады.

Осымен Ұлы Абайдың құрметіне арналған шара-
мызды аяқтаймыз. Зейін қойып тыңдағандарыңызға
рахмет!

Маржан ТӨКЕНОВА,
Абай Құнанбайұлы атындағы
№6 гимназия-мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Степногорск қаласы.

ТІЛ – ӘР ҰЛТТЫҢ БАЙЛЫҒЫ

Мақсаты: тілдер мерекесінің мәні, ерекшелігі туралы түсінік беру, оқушылардың логикалық ой-өрісін, сөйлеу қабілеттерін дамыту, дүниетанымын кеңейту, оқушыларды халқын, өз туған жерін, елін, тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: сыныптан тыс шара.

Сайыс бір сынып ішіндегі екі топ оқушылары арасында өткізілді. Сонымен қатар сыныптағы әр ұлттың балалары өз тілінде тақпақ айтып, өлең шырқады, би биледі, ұлттық ойындар ойнатылды.

Шараның барысы:

1-бастаушы: - Қош келдіңіздер, құрметті достар!

2-бастаушы: - Добрый день, дорогие друзья!

3-бастаушы: - Good afternoon, dear friends!

1-бастаушы: - Құрметті оқушылар! Бүгін біз тіл мейрамына арналған мерекемізді өткізгелі отырмыз.

2-бастаушы: - 22 сентября – День языков народа Казахстана. И сегодняшний праздник мы посвящаем этому событию.

Мұғалім: - 22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының

тілдері күні, елімізді мекендейтін барша халық тілдерінің мерекесі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – техника тілі дей отырып, «50 бәсекелес» елдің қатарына қосылу үшін үш тілде дұрыс сөйлей білуіміз керек. Біздің мектепте, тіпті, осы сыныпта бірнеше ұлт өкілдерінің балалары бар. Бүгін біз олардың тақпақ, әндерін тыңдап, билерін тамашалаймыз, ұлттық ойындарын ойнаймыз.

1-оқушы: - Қазақ тілім – шам-шырағым алдағы,
Сайрайтұғын бұлбұл құсым таңдағы.
Қастерлейді оны мәңгі ұл-қызы,
Сонда тұр ғой ұлтымыздың бар бағы!

2-оқушы: - Қазақ тілі жол ашты
Халықты танып-білуге.
Білмегендер адасты,
Айналар түбі шіруге.

3-оқушы: - Родной язык!
Он с детства мне знаком,
На нем впервые я сказала «мама»,
На нем клялась я в верности упрямой,
И каждый вздох понятен мне на нем.

Родной язык!

Он дорог мне, он мой.

На нем ветра в предгорьях наших свищут,

На нем впервые довелось услышать

Мне лепет птиц зеленою весной.

Ортаға сайысқа қатысатын топтар шақырылды. Әр топ өзін-өзі таныстырады.

1-тапсырма. «Қос тілің – қос қанатың» аударма ойыны.

ЕСТЬ

... МЕН

ДЕСЯТЬ

БАЛК ...

Я	СУПЕР ...
ОГРОМНЫЙ	КРУГО ...
МОЗГ	КО ...ССИЯ
МЫСЛЬ	ПОК ...
РЫДАНИЕ	БА ...
МНОГО	... ОКО

2-тапсырма. Сайыс кезегі жұмбақ шешуге беріледі.

Екі топ өздерінің дайындап келген жұмбақтарын жасырып, оны қарсыласы шешеді. Шешуін орысша, қазақша, ағылшынша айтулары керек.

3-тапсырма. «Мені әңгімеле» тапсырмасы бойынша сурет арқылы жүргізіледі. Екі топ ойыншыларын мазмұндас түрлі-түсті сурет беріледі, уақыт белгіленеді.

4-тапсырма. Сын есімдерді қазақ, ағылшын тілдеріне аудару.

Вкусный – дәмді – tasteful; Сладкий – тәтті – sweet;

Теплый – жылы – warm; Холодный – суық - cold;

Горячий – ыстық - hot.

5-тапсырма. «Дұрыс па? Бұрыс па?» ойыны.

Шарты: Сұрақ оқылады, дұрыс болса – бір рет, дұрыс емес болса – екі рет шапалақтайды.

1. Бірінші қыркүйек – Білім күні.

2. Сендер екінші сыныпта оқисыңдар ма?

3. Оқу жылы жазда басталады.

4. Мен № 6 гимназия мектебінде оқимын.

5. Кімдер? Кітаптар.

6. Моя школа. Менің мектебім.

7. Күз айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.

8. Бүгін тіл мерекесі ме?

6-тапсырма. Әрі оқу, әрі ойын (сөз айтысы).

родник – бұлақ,

ухо – құлақ.

борода – сақал,

пословица – мақал.

нация – ұлт,

облако – бұлт;

слово – сөз,

глаз – көз.

старик – шал,

мед – бал.

язык – тіл,

слон – піл.

день – күн,

ночь – түн.

берег – жаға,

оценка – баға.

Мұғалім:

- Әр адам өзінің ана тілін құрметтеуі, аялауы керек. Біздің сынып көп диаспоралы. Сыныпта қазақ, орыс, украин, татар, армян, корей ұлттарының өкілдері бар. Қазір олар өз ана тілдерінде бізге тақпақ, ән айтып, би билеп береді.

Самвел Арутюнян армян тілінде, Акбашев Марк татар тілінде тақпақ айтып берді. Корейдің биін Марина Тен, «Қара жорға» биін Шагадатов Дәулет орындады. Федина Виолеттаның орындауында украин әнін тыңдап, Таганов Мишаның орыс биін тамашаладық.

(Сонымен қатар оқушылар өз ұлттарының костюмдерін киіп, ұлттық ойындар ойнатылды).

Мұғалім:

- Сонымен, балалар, бүгін біз Қазақстанда тұратын кейбір диаспоралардың әнімен, өлеңімен, биімен, ойынымен таныстық. Біз олардың әдет-ғұрыпын, дәстүрлерін қадірлеп, сыйлауға тиістіміз. Қазақстан халықтарының тату-тәтті, дос болып өмір сүрулеріне бізде өз үлесімізді қосуымыз керек.

Мұғалім сайысты қорытындылады, қазылар алқасы жеңімпаздарды хабарлады.

Ержан ШЫНБЕРГЕНҰЛЫ,
Ақтөбе қаласындағы
№37 орта мектептің оқушысы.

ҰЛЫ АБАЙ АРҚЫЛЫ ҒАШЫҚ БОЛДЫМ

Сөз әлемі секілді әр ақынға
Қалықтаған қара өлең қанатында.
Абай атам – сүрлеуін сөзбен салған
Қазақ поэзиясында дара тұлға.

Қара өлеңі қарасөз өрістеген
Әр сөзінен таусылмас жеміс терем.
«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,—
Деп жырлаған,— «у бар ма мен ішпеген?»...»

Ақындар көп аңсаған азат таңын,
Оқырманның ойлаған азат халін.
Ал ұлы Абай атамыз ойлап кеткен
Екі ғасыр бұрын-ақ қазақ қамын.

Шабыт көзін ұқсатам шарайнаға,
Алмау керек кірлетіп қалай ғана?
Сусындаймын ол үшін жырын оқып,
Өйткені бұл қазақта Абай – дана!

Әр өлеңі – нақыл сөз, ұранға бай,
Тағылым ала алмайсың бұдан қалай?!
Абай тілін тамыры терең кеткен
Менің халқым сөйлесін шұбарламай.

Қара өлеңге деместен тасып, толдым,
Ұлы Абай арқылы ғашық болдым.
Бес нәрседен мен солай қашық болдым,
Бес нәрсеге жетуге асық болдым.

Қатар жүрер іштарлық пен құштарлық,
Бірі – достық, бірі оның – дұшпандық.
Қызғанышпен жүрмей әрбір істі аңдып,
Ер көп болсын достық туын ұстар нық!
Кімге керек мыстандық?!

Араласып адалдық пен арамдық,
Жағаласып жақсылық пен жамандық,
Мың құбылып мырзалық пен сараңдық,
Барады асып адамдықтан надандық.
Керегін ал амал ғып...

Күндіз бен түн өтіп жатыр алмасып,
Ай менен күн өз уақытын дәл басып.
Шаттық пен мұң, ақ пен қара арбасып,
Бір-бірінің жағасынан жармасып,
Өтіп жатыр жалғасып!

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 06.08.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1150. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – “Према” ЖШС.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№8, 2013 ж., 144 бет, Алматы.